

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**БЕКІТЕМІН
Академия бастығының
ғылыми жұмыс жөніндегі
орынбасары з.ғ.к., доцент
полиция полковнигі**

О.Т. Сейтжанов

2019 ж. «___» _____

**Жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)
ЗРОА 5105 пәні бойынша
ЗАҢГЕРЛІК ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**7M12301 мамандығы бойынша: «Құқық қорғау қызметі.
Ғылыми-педагогикалық магистратура»**

Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 1
Семестр: 1
Кредиттер саны: 3
Дәрістер: 7 сағ.
Семинар: 9 сағ.
Тәжірибелік: 14 сағ.
МОӨЖ: 30 сағ.
МӨЖ: 30 сағ.
Емтихан

Қарағанды 2019

7М12301 құқықкорғау қызметі» мамандығына арналған «Зангерлік пәндерді оқыту әдістемесі» пәні бойынша оқыту бағдарламасы (SYLLABUS) «Құқықкорғау қызметі. Ғылыми және педагогикалық магистратура»

Құрастырған: мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, құқық магистрі полиция подполковнигі Салкебаев Талғат Смағұлұлы

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы отырысының мәжілісінде қарастырылды

2019 ж. «11» маусымдағы № 20 хаттама

Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы, з.ғ.к.
полиция подполковнигі

Р.Қ. Джиембаев

Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды ақадемияның ОӘК отырысында бекітілді

2019 ж. «11» шілдедегі № 11 хаттама

© Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды ақадемиясы, 2019

2.1. Негізгі ақпарат

1. Шифр және мамандық атауы	6M030300 «Құқық қорғау қызметі. Ғылыми және педагогикалық магистратура»
2. Курс, семестр	1-курс, 2-семестр
3. Пән циклі	MPYuD5211
4. Кредиттер саны	3
5. Сабак өткізу орны	Қазақстан Республикасы ПМ Бәрімбек.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, магистратура
6. Дәріскер (т.а.ж., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Салкебаев Талғат Смағұлұлы, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, құқық магистрі полиция подполковнигі Байланыс телефоны – 30-34-16, ішкі.-211, 312
7. Қалған сабак түрлерін жүргізетін оқытушылар (т.а.ж., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Салкебаев Талғат Смағұлұлы, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының доценті, құқық магистрі полиция подполковнигі Байланыс телефоны – 30-34-16, ішкі.-211, 312

2.2. Пререквизиттер: «Зангерлік пәндерді оқыту әдістемесі» пәнін зерделеуге кірісер бұрын магистрантқа белгіленген оқу жұмысы жоспары көлемінде алатын тиісті мемлекет және құқық теориясы, құқық философиясы, педагогика, психология, зангерлік базалық, кәсіби пәндерден теориялық білімі, іскерлігі мен дағдыларының болуы қажет.

Зерделенетін курсты менгеру үшін магистрант:

- мемлекет және құқық теориясы, құқық философиясы, педагогика, психология, зангерлік базалық, кәсіби пәндерден теориялық білімі, іскерлігі мен дағдыларының болуы;
- ведомстволық жоғарғы оқу орындарындағы зангерлік білім беру жүйесі және оның ерекшеліктері туралы білімді игеруі;
- зангерлік пәндерді оқытудың құқықтық, ұйымдастырушылық және әдістемелік негіздерінің жалпы мәні мен ерекшеліктері туралы шағын білім алу қажет.

2.3. Постреквизиттер: Аталған курсты зерделегеннен кейін алған білімі педагогикалық қызметтің тәжірибелік аспектілерінде көрініс беретін, қолданбалы мәселелермен мұқият танысу қажет. Мұның өзі жоғары оқу орындарында педагогикалық тәжірибелі зерделеуде және менгеруде жүзеге асыру қажет.

Аталмыш оқу пәнін зерделеу барысында магистрант:

- а) назарында болуы қажет:
 - педагогикалық қызмет туралы;

- оқу процесін ұйымдастырудың құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы;

- оқу процесін ұйымдастыру нысандары туралы;

- әр түрлі сабак түрлерін жүргізу әдістемелігі туралы.

б) білу қажет:

- дәріс сабағын жүргізудің негізгі әдістемесін;

- семинар сабағын жүргізудің негізгі әдістемесін;

- практикалық сабак жүргізудің негізгі әдістемесін;

- магистранттардың өзіндік жұмыс ұйымдастырудың негізгі әдістемесін;

в) меңгеру қажет:

- оқушылармен сөйлесудің интерактивтік нысандарын еркін менгеру;

- баяндалатын материалды тиянақты айту және негіздеу;

- сабак жүргізу әдістемесін өңдеу, әдістемелік құжаттарды толтыру.

2.4. Пәнді қысқаша сипаттау

Курстың мақсаттары: «Заңгерлік пәндерді оқыту әдістемесі» пәні 6М030300 «Құқыққорғау қызметі» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық магистратураның жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру институтындағы іске асырылатын білім беру құрамының базалық пәні циклінің маңызды бөлігі болып табылады.

Магистранттарды даярлау оқу жоспарына берілген пәнді қосу ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау мақсатымен, сонымен қатар магистранттардың педагогикалық практиканы өтуінің теориялық қамтамасыз етілуімен негізделеді және жоғарғы мектепте оқыту білімі мен шеберлігін алуға бағытталған.

«Заңгерлік пәндерді оқыту әдістемесі» курсының негізіне оқу процесін ведомстволық жоғарғы оқу орндарындағы ұйымдастыруға қатысты маңызы нормативтік актілер жатқызылған.

Пәнді оқыту мақсаты: дәріс, семинар, практикалық сабактарға арналған материалдарды дайындау заңдылығымен, оқытуудың педагогикалық процесін талдауға жүйелік көзқараспен және заңгерлікті зерделеумен, дидактикалық жаттығуларды анықтау тәсілімен және оларды шешу жолдарымен танысу.

Пәнді оқыту міндеттері:

- жоғары оқу орнында білім беруді ұйымдастырудың мақсаттары мен жүйелерін зерделеу;

- негізін қалаушы дидактикалық санаттарын зерделеу;

- ЖОО-нда заңтануды оқытуудың әдістерін, құралдары мен нысандарын зерделеу;

- қазіргі педагогикалық технологияларды зерделеу;

- магистранттардың өзіндік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың әдістерін зерделеу;

- қазіргі оқытушының өнегелі-психологиялық келбетін тәрбиелеу;

- білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқыту мақсатына байланысты оқытуудың онтайлы стратегия жолын білім алушыларын білуге үйрету;

- жоғары оқу орнындағы педагогикалық процестерді басқаруға үйрету және келешек заңтану оқытушыларының дағдыларын қалыптастыру;

- магистрлердің кәсіби педагогикалық қызметінің жеткілікті жоғары деңгейін менгеруге ұмтылуын дамыту.

Пәннің әдістемелігі:

Пәнді оқыту әдістемелігі оның ерекшелігімен және зерделеу мақсатымен белгіленеді және педагогикалық ғылым теориясының ережесімен топталады. Осыған байланысты таным барысында рефераттар дайындау және қорғау; коллоквиумдар; пәннің анағұрлым өзекті мәселелері бойынша монографиялар мен өзге де ғылыми еңбектерді талқылау сияқты оқыту әдісін көбірек қолданған дұрыс. Магистрантқа курсы толық игеруі үшін сабак жүргізуінде интерактивтік әдістемесін қолдану ерекшелігін білуі қажет.

2.5. «Заңгерлік пәндерді оқыту әдістемесі» пәні бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Тапсырманың мазмұны мен мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкала)	Баллдар (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
2.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
3.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий 4. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
4.	1. Дәріс конспектілерін	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект,	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша

	тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий			тапсырма тексеру		Тест	
5.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
6.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
7.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий 4. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
8.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект Тест	Кесте бойынша
9.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша
10.	1. Дәріс конспектілерін тексеру 2. Тақырып бойынша сұрау 3. Глоссарий 4. Ағымдық тестілеу	Ағымдық бақылау		Сұрау, конспект, тапсырма тексеру	0-100	Жауап Конспект	Кесте бойынша

2.6. Курс саясаты. Сабак босату – сіздің оқуға ынталығыныңды көрсетеді, курс бойынша қорытынды бағаны шығару кезінде ескеріледі. Сіздің бағаңыз алынған тапсырмалар уақытында тапсырылмаған жағдайда әр кездे жарты балға төмндетіледі. Сіздің міндетіңіз аудиторияда болу және оқу. Үйдегі және

жұмыстағы аурып қалу, қақтығыстар сияқты оқыс жағдайлар сізге сабак босатуға құқық береді. Бірақ осында жағдайда сіз болған жағдай туралы оқытушыны ақпараттандыруыңыз қажет және тапсырманы алдын ала тапсыру керек.

Өз жұмыс орнында бола отырып, жұмыстық міндеттерді орындау – жазаға әкеліп соқтырады. Осы курс бойынша барлық тапсырмалар семестрлік кестеде белгіленген сабак басталғанға дейін аяқталуы қажет. Белгіленген мерзімнен кеш тапсырылған тапсырмалар тиісті бағадан төмен баға алады және атальыш курс бойынша қорытынды бағаға әсер етеді. Кесте бойынша аудиторияда жүргізілетін жұмыста сол сияқты барлық топтың жұмысына әсер етеді. Егер сабакты орындау кезінде Сіз сабакта болмасаңыз және сізге арналған жұмыстың бөлігін орында масаңыз, онда Сіз сабак босатқан сияқты жазаланаңыз.

Курсты зерделеу бәсек емес, ал белсенді болуы керек. Үй тапсырмасын орындау аптасына кем дегенде 2-3 сағат алмау керек. Сіз кеңес беру кестесіне сәйкес оқытушымен жиі кеңесуініз керек. Оқулықты тапсырманы орындау кезіндеғана емес, ал атальыш курсы барлық зерделеу кезінде де оқу керек. Әрбір сабакқа дайындалу қажет. Курсты зерделеу жетістігі көбінесе Сіздің аудиториямен жұмысыңызға байланысты болады. Сабакқа жақсы қатысу, сабактарда белсенділік таныту, оқытушының барлық тапсырмасын мерзімінде және сапалы орындау Сізге аттестация мен емтихан кезінде көмек болады. Емтихан Сіздің теориялық біліміңізді тексеруге емес, ал Сіздің оларды тәжірибе жүзінде қолдану мүмкіндігіңізге бағытталады. Емтиханда Сіз сұрақтарға тест түрінде жауап бересіз. Емтиханда барлық сабактар үй жұмысына, аудиториядағы тестілерге негізделеді және т.б.

Межелік аттестациялар алдын ала өтілген материал бойынша жүргізіледі. Қорытынды емтихан барлығына міндетті және өткен материалмен негізделеді.

Әр дәріс басталғанша тақырыптың негізгі моменттері көрсетілген материал таратылады. Отінеміз, берілген материалды сабак басталғанша оқып шығыңыз. Дәрістен кейін дәріс конспектінде және бақылау сұрақтарындағы ауызша жауаптарда көрсетілген негізгі оқулықтан барлық берілген материалды оқып шығыңыз. Аталған Сіздің даярлығыңыз алдын ала ескертусіз оқытушымен жүргізілген тестімен тексеріледі; осында топ бағасы қорытынды бағаға қосылады. Дәрістік курс тақырыбы бойынша 5 бақылау жұмысы жоспарланған, сондай ақ өткен теориялық материалды менгерілгендей тексерілетін межелік бақылау жүргізіледі.

Тапсырманы орындау кезінде Сіз:

- плагиатпен айналысуға;
- өзгелерге Сіз үшін жұмыс істеуге;
- белгіленбеген мерзімде жұмысты тапсыруға әрекет жасауға;
- топтық тапсырманы орындау кезінде топ жұмысына қатыспауға және ол үшін балл талап етуге және т.с.с болмайды.

Магистранттардың міндеттері (ұсынылатын тізбе):

- Сабаққа кешікпеу;
- Сабақ кезінде сөйлесуге, газет оқуға болмайды, телефонды сөндіру, сағыз шайнамау керек;
- Сабаққа үлгілі нысанда келу керек;
- Сабақ босатпау, сырқаттанған жағдайда анықтама әкелу;
- Босатылған сабакты оқытушымен белгіленген уақытта өтеу керек;
- Сабакты орындаған жағдайда қорытынды баға төмендетіледі;
- Сабакқа күнде қатысу;
- Оқу процесіне белсенді араласу;
- Үй тапсырмасын мұқият орындау;
- Курстастарға және оқытушыларға сабырлы, ашық, ізетпен қарау;
- Барлық сабактарда кері байланысты қалыпты ұстану;
- Ұжымдық жұмыстарға және пікірталастарға үялшаң студенттерді тарту;
- Дер уақытында келу және міндетті болу;
- Себепсіз жағдайлар бойынша сабактарды босатудан аулақ болу;
- Оқу комнатарапында темекі шекпеу;
- Семинар уақытында телефонмен сөйлеспеу;
- Сабактарда алкогольдік ішімдіктер тұтынуды болдырмау.

Академиялық мінезд-құлышқ және этика саясаты жоғарғы оқу орнының күн тәртібі, полиция қызметкерінің этикалық кодекс ережелерімен негізделеді, ал оның ішінде:

- оқытушылармен, қызметкерлермен және әріптестермен ізетті болу;
- Академияның, институттың барлық тәрбие шараларына қатысу;
- Академияда жүріс-тұрыс мәдениетін ұстану;
- корпустар мен аудиторияларда тазалық сақтау.

Аталған курсқа Сіздің қатынасыңыз және жүріс-тұрысыңыз мемлекеттік қызметші және полиция қызметкері ар-намыс кодексіне сай келеді деп үміттенеміз. Сіз сабакты босату, кешігу, аудиторияда тәртіпсіз болмауыңыз керек, оқытушыны және тыңдаушыны сыйлауыңыз керек. Сабакта Сіз материалды талқылауыңыз, қажетті сұрақтар қою үшін, тапсырманы орындауға ықыласпен дайын келуіңіз керек. Сіздің жұмысыңызға не қажет, соны Сіз қабылдауыңыз қажет.

2.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№	Автор, атауы	Жылы, басы-лым орны
1. Нормативтік-құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституациясы 1995 жылғы 30 тамыз (2017.10.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)	Алматы, 2017.

2	«Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заны 23 сәуір 2014 ж. (2018.16.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).	//http://online.zakon.kz.
3	«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заны (2018.16.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).	//http://online.zakon.kz.
4	«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандагы № 407-ІV Заны (2015.13.11. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).	//http://online.zakon.kz.
5	«Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заны (2017.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
6	«Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қантардағы № 380-IV Заны (2017.03.07. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
7	«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысы (2017.15.08. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)	//http://online.zakon.kz.
8	«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі № 459 бұйрығы	//http://online.zakon.kz.
9	«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (28.01.2016ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).	http://adilet.zan.kz
10	«Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 583 Бұйрығы (18.01.2016ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).	http://adilet.zan.kz
11	«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы (09.02.2018ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).	http://adilet.zan.kz
12	Қазақстан Республикасы ПМ 11.06. 2013ж. № 641 бұйрығы «2014-2015ж.ж. арналған Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұру бағдарламмасы».	http://adilet.zan.kz

13	«Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бүйрүғы (30.05.2016ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).	http://adilet.zan.kz
2. Негізгі әдебиеттер		
14	Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша.	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/ .
15	Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/ .
16	Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 14 желтоқсан	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/ .
17	«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына 10 қаңтар 2018 жылғы Жолдауы.	Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты //http://www.akorda.kz/ .
18	Алексеев С.С. Право: азбука - теория - философия: Опыт комплексного исследования	М., 1999 ж.
19	Батышев А.С. Практическая педагогика для начинающего преподавателя	М., 2003 ж.
20	Блинов В. И., Виненко В. Г., Сергеев И. С. Методика преподавания в высшей школе	М.: Юрайт, 2012 ж. - 320 б.
21	Важеевская Н.Е. Глазунов А.Т. Учить учиться	М., 2000 ж.
22	Внеурочная деятельность по правовому образованию школьников: Метод пособие для учителей / И.Е. Уколова, И.Л. Дробачевская, А.П. Вакуленко, С.И. Володина, А.М. Полиевктова, Н.Г. Суворова	М., 1999 ж.
23	Волынкин В.И. Педагогика в схемах и таблицах: учебное пособие	Ростов н/Д., 2007 ж.
24	Дистанционное обучение (опыт реализации в ВКГТУ) / под общей редакцией д.т.н., профессора Мутанова Г.М.	Усть-Каменогорск: ВКГТУ, 2006 ж.
25	Жуков Г.Н.. Матросов П.Г., Каплан С.Л. Основы общей и профессиональной педагогики	М., 2005 ж.
26	Канаржевский Ю.А. Анализ урока	М., 1999 ж.
27	Касевич В.Б., Светлов Р.В., Петров А.В., Цыб А.В. Болонский процесс	С.-Пб., 2006 ж.
28	Качуровский В.И. Теория и методика преподавания в высшей школе: Учебное пособие /В.И. Качуровский; Пермский гос. ун-т	Западно-Уральский инт. 2007 ж.
29	Кох М.В., Пешкова Т.Н. Методика преподавания в высшей школе. Учебное пособие	Краснодар: КубГАУ. 2011г.

30	Красильников В. А. Технология оценки качества обучения	М., 2003 ж.
31	Кузнецов Э.В., Сальников В.П. Наука о праве и государстве	С.-Пб., 1999 ж.
32	Кукушин В.С. Общие основы педагогики	Ростов н/Д, 2002 ж.
33	Кусаинов А.К. «Качество образования в мире и в Казахстане»	Мәскеу, 2014 ж.
34	Литвишков, В.М. Психология и педагогика в профессиональной деятельности юриста: Практикум для студентов юридического факультета: Учебно-методическое пособие	М.:Моск. психолого-социальный ин-т,2004 ж.
35	Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории	М., 1975ж.
36	Махмутов М.И. Современный урок	М., 1981ж.
37	Методика преподавания правовых дисциплин./ Болотова Е.Л.	М., 1999ж.
38	Методические материалы по курсу "Методика преподавания правовых дисциплин"	М., 1999ж.
39	Минжанов Н. А. Педагогическая система профессионально-психологической подготовки слушателей учебных заведений ГСК РК к действиям в экстремальных условиях: Учебное пособие	Қарағанды: Басылым Қазақстан Республикасы КЖМ МТК, 1997ж.
40	Панина Т.С. Современные способы активизации обучения: учебное пособие / Т.С. Панина, Л.Н. Вавилова; под ред. Т.С. Паниной. 4-е изд., стер.	М.: Бас. «Академия» 2008ж. 176 б.
41	Певцова Е.А. Актуальные вопросы методики преподавания юриспруденции. Учебное пособие	М., 2010. - 272 б.
42	Певцова Е.А. Теория и методика обучения праву: Учеб. для студ. высш. учебных заведений	М., 2003ж.
43	Певцова Е. А. Актуальные вопросы методики преподавания юриспруденции: Учебное пособие	М.: Бас. 2010. - 272 б.
44	Педагогика: Учеб. пособие для студентов педагогических вузов и педагогических колледжей / Под ред. П.И. Пидкасистого	М., 2010ж.
45	Пидкасистый П.И., Портнов М.Л. Искусство преподавания: Первая книга учителя. - М., 1998. -1-е и 2-е изд. Пособие для гражданского образования. Для педагогов и работников образования. // Под ред. Н. Воскресенской, И. Фрумина	М., 2010ж.
46	Правовая психология для преподавателей	М., 1997ж.
47	Сергеева Т.А., Уварова Н.М. Проектирование учебного занятия: методические рекомендации	М., 2003ж.
48	Скаакун В.А. Основы педагогического мастерства: учебное пособие	М., 2008ж.
49	Скок Г.Б. Как проанализировать собственную педагогическую деятельность: Учеб. пособие для преподавателей /Отв. Ред. Ю.А. Кудрявцев. - М., 2000	М., 2000ж.
50	Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: от теории к практике. Монография	Алматы: Ғылым, 2001ж.
51	Тесленко А.Н. Педагогика. Учебное пособие для магистрантов	Астана, 2010ж., 465 б.

52	Щуркова Н.Е. Практикум по педагогической технологии	М., 1998ж.
53	Энциклопедия педагогических технологий. Материалы для специалиста образовательного учреждения	С.-Пб, 2006ж.
54	Чумакова А.С. Теория и методика преподавания права. Учебно-методическое пособие. /А.С.Чумакова	Ульяновск. 2012ж.
55	Энциклопедия педагогических технологий. Материалы для специалиста образовательного учреждения	С.-Пб, 2006ж.
3. Қосымша әдебиеттер		
56	Абасов З. Проектирование и организация самостоятельной работы студентов	Ресейдегі жоғарғы білім, №10, 2007ж.
57	Аванесов В.С. Теоретические основы разработок заданий в тестовой форме	М., 1995ж.
58	Владимирский Б.М. Требования к содержанию современного университетского образования // Перспективы создания ЮФУ - вуза инновационного типа мирового уровня	Ростов-на-Дону, 2006ж.
59	Белкин А.С. Компетентность. Профессионализм. Мастерство.	Челябинск, 2004ж.
60	Вербицкий А.А., Борисова Н.В. Методические рекомендации по проведению деловых игр.	М., 1999ж.
61	Выготский Л.С. Педагогическая психология.	Ростов-на-Дону, 2006ж.
62	Гурье Л.И., Маркина Л.Л. Подготовка преподавателей вуза к инновационной профессионально-педагогической деятельности //	Ресейдегі жоғарғы білім, №2, 2009ж.
63	Дистанционное обучение (опыт реализации в ВКГТУ) / под общей редакцией д.т.н., профессора Мутанова Г.М.	Өскемен: ШҚМТУ, 2006ж.
64	Дойников И. В. О преподавании юридических дисциплин в современных условиях	Юркомпания басылымы 2013ж.
65	Магистратура: проблемы методики преподавания юридических дисциплин: Монография / Под ред. д.ю.н., проф. С.А.Ивановой. (Серия «Актуальные юридические исследования»)	М.: Юр. Бас. 2012ж. 352 б.
66	Михалкин Н.В., Брадецкая И.Г. Активные формы обучения как фактор повышения познавательной активности студентов на занятиях (Новое и традиционное в методике преподавания юриспруденции при переходе на Федеральные государственные образовательные стандарты (ФГОС) третьего поколения) (Учебное пособие для магистров и аспирантов)	М., 2012ж.
67	Михалкин Н.В., Брадецкая И.Г. Активные формы обучения как фактор повышения познавательной активности студентов на занятиях (Новое и традиционное в методике преподавания юриспруденции при переходе на Федеральные государственные образовательные стандарты (ФГОС) третьего поколения) (Учебное пособие для магистров и аспирантов)	М., 2012ж.
68	Кирсанов А.А., Кондратьев В.В., Методологические основы современной системы повышения квалификации преподавателей вузов	Ресейдегі жоғарғы білім, №2, 2009ж.

69	Кондрашов В.А. Болонский процесс и подготовка кадров по направлению «юриспруденция» // Профессиональный учебник. Ежеквартальный журнал	Ресейдегі жоғарғы білім, №4, 2008ж.
70	Кондрашов В.А. Руководство курсовой работой как способ развития навыков и умений студента и их контроля в преподавании гуманитарных дисциплин // Диагностика уровня учебных достижений студентов в современной высшей школе	Ростов-на-Дону, 2005ж.
71	Кондрашов В.А., Павлова Е.Л. Научно-методические и организационные основания активизации самостоятельной работы студентов при изучении гуманитарных дисциплин // Проблемы гуманитарного образования и воспитания	Ростов-на-Дону, 2007ж.
72	Камынин В.Л. Методические рекомендации по проведению занятий по курсу "Правовая информатика" с изучением систем "Консультант Плюс" для студентов юридических специальностей вузов	М., 2000ж.
73	Ларионова М. Преподаватель вуза - субъект модернизации образования // Высшее образование в России	Ресейдегі жоғарғы білім №12, 2007ж.
74	Масалков, И. К. Стратегия кейс стади: методология исследования и преподавания: учебник для вузов / И. К. Масалков, М. В. Семина	М. : 2011ж. 443 б.
75	Матушинский Г., Завада Г. Подготовка преподавателя высшей школы в условиях её модернизации // Высшее образование в России	Ресейдегі жоғарғы білім №3, 2008ж.
76	Омирбаев С.М. Развитие дистанционного обучения в контексте государственной программы развития образования Республики Казахстан//Материалы международной конференции «Дистанционные технологии в образовании»	2011ж. 3-8 б.
77	Панфилова, А. П. Инновационные педагогические технологии : Активное обучение : учебное пособие / А. П. Панфилова	М, 2009. - 192 б.
78	Пашенцев Д.А. Перспективы развития высшего юридического образования в условиях евразийской интеграции	Евраз. Юрид. журнал. 2013ж. № 6.
79	Пидкастый, П. И. Психолого-дидактический справочник преподавателей высшей школы / П. И. Пидкастый, Л. М. Фридман, М. Г. Гарунов	М.: 1999ж.
80	Пидкастый П.И. Фридман Л.М., Гарунов М.Г. Психолого-дидактический справочник преподавателя. М., 1999. высшей школы	С.-Пб., 2006ж.
81	Профессиональная педагогика / Под ред. С.Я. Батышева	М., 1999ж.
82	Сальников Н., Барухин С. Реформирование высшей школы: актуальное состояние и проблемы // Высшее образование в России, N 8	Ресейдегі жоғарғы білім №8 2008ж.
83	Селевко Г.К. Современные образовательные технологии: Учеб. пособие	М., 1998ж.
84	Скакун В.А. Организация и методика профессионального обучения.	М., 2007ж.
85	Торгашев Г.А. Методика преподавания юриспруденции в	М., 2012ж. – 344 б.

	высшей школе	
86	Элиасберг Н.И. Как преподавать курс "Основы правоведения". Метод. рекомендации	С.-Пб., 1996ж.
87	Элиасберг Н.И. Педагогический коллектив школы - субъект инновационной системы правового образования: Монография	С.-Пб., 1998ж.
88	Ялалов Ф. Деятельностно-компетентностный подход к практико-ориентированному образованию	Ресейдегі жоғарғы білім №1, 2008ж.

4. Ғаламтор көзі

89	www.akorda.kz	
90	online.zakon.kz.	
91	adilet.zan.kz/rus	
92	www.edu.gov.kz/ru (офиц. сайт МОН РК)	
93	www.alleng.ru/d/jur/jur752.htmCached	
94	uristlib.ru › Учебная литератураCached – Similar	
95	http://www.parlam.kz/	

2.8. Пән бойынша тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Дәріс	Семинар	Тәжірибе	МОӘЖ	МӘЖ	Барлығы
1.	Заңгерлік пәндерді оқытудың құқықтық және үйымдастырушылық негіздері	1	1		2	2	6
2.	Педагигикалық жүйе ретінде заңгерлік пәндерді оқыту		1	1	2	2	6
3.	Болондық процесс. Кредиттік технологиялық оқытудың ерекшеліктері	1	1		2	2	6
4.	Дәріс сабағын дайындау және өткізу әдістемесі	1	1	2	4	4	12
5.	Семинар сабағын дайындау және өткізу әдістемесі	1	1	2	4	4	12
6.	Практикалық сабакты дайындау және өткізу әдістемесі		1	2	3	3	16
7.	Магистранттардың өзіндік жұмыстарын үйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері	1	1	1	3	3	9
8.	Жазбаша жұмыстарды жазу әдістемесі			2	2	2	6
9.	Магистранттардың білімдерін бақылау және бағалау	1		1	2	2	6
10.	Заңгерлік пәндерді оқытудың оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі		1	1	2	2	6
11.	Педагигикалық шеберлік және	1	1	2	4	4	12

	оқытушының жеке тұлғасы						
	Барлығы:	7	9	14	30	30	90

2.9. Сабак жоспары. Дәріс кешені (дәріс мәтіндері)

1 тақырып. Заңгерлік пәндерді оқытуудың құқықтық және үйымдастыруышылық негіздері

Дәріс 1 сабат

Жоспар:

1. «Заңгерлік пәндерді оқыту әдістемесі» пәнінің мәні. Оқытуудың күтілетін нәтижелері.

2. Жоғарғы білімнің ұғымы, мақсаты, міндепті, қазіргі уақыттағы оның даму жолдары.

3. Заңгерлік пәндерді оқытуудың құқықтық және үйымдастыруышылық негіздері.

Дәріс тезисі:

«Білім туралы» заңының 3-бабында көзделген, білім саласындағы мемлекеттік саясат және құқықтық реттеу қатынастары қағидаларының бірі «Қазақстандық білім беру жүйесін интеграциялау үшін тең құқылы және өзара ыңғайлы негізде басқа мемлекеттердің білім беру жүйесімен қолайлыш жағдай туғызу» болып табылады.

Көрсетілген принцип көбінесе жоғарғы кәсіби білім беру аясындағы мемлекеттік саясаттың «еуропалау» себебін түсіндіреді, отандық білім беру жүйесін жоғарғы білімді әлемдік жүйеге ырықтандыруға жетелейді.

Жоғарғы кәсіби білім беру аясындағы мемлекеттік саясаттың бейімделуші бағыты үшінші буынды жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына өту болып табылады. Олар қашықтықтан оқыту жүйесін, оқытуудың интерактивтік әдісін дамыту, аймақтық компьютерлік желілерді дамыту арқылы ортақ ақпараттық кеңістікті қалыптастыру және т.б.

Білім беру жүйесінің аталған бағыты білімге негізделген көзқараспен білім беру процесіне айналумен, барлығына таныс білім, дағды мен шеберліктің орнына бірінші жоспарға құзыреттер шығарылған білім беру процесінің нәтижесіне бейімделген көзқарас.

Зерттеушілер бойынша біздің білім «қазақстандық экономиканың инновациялық моделінің дамуына сай болуы және инновация нарығында, еңбекте, білім беруде ауқымды бәсекелестік талаптарына жауап беруі қажет». Бұл Қазақстанның стратегиялық тандауы осында талаптарды белгілейтін қазіргі қоғамның талабына жауабы болып саналады. Білім берудің жаңа моделі барлық деңгейдегі кәсіби білім беру мекемелері ұлттық инновациялық жүйенің бір бөлігі

бала беретінін пайымдайды, сонымен бірге өзінің дәстүрлі қызметін орындағы отыра – социализация, жеке тұлғаны қалыптастыру (бұгін – бұл инновациялық жеке тұлғаны қалыптастыру), азаматтық сезімді тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері көзделген:

- 1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
- 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;
- 4) білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен деңсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;
- 5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- 6) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;
- 7) білім беру деңгейлерінің сабактастырын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- 8) оқытуудың, тәрбиенің және дамытуудың бірлігі;
- 9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;
- 10) білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын:

- 1) білім беру деңгейінің сабактастырын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының және білім беру бағдарламаларының;
- 2) ұлгілері мен тұрларіне қарамастан, білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының;
- 3) білім беруді басқару органдары мен тиісті инфрақұрылымдардың, оның ішінде білім беру мониторингін жүзеге асыратын оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдарының;
- 4) білім беру қызметінің субъектілері бірлестіктерінің жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңына сәйкес білім беру жүйесінің міндеттері:

1. Білім беру жүйесінің міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;

- 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін менгерту;
- 6) педагог қызыметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 7) білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің жұмыс істеуі;
- 9) оқытудың жана технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;
- 10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;
- 11) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциясы;
- 12) білім алушылардың кәсіптік ұмтылысын қамтамасыз ету;
- 13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;
- 14) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау болып табылады.

1 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 22, 27, 29, 37, 55.

2-тақырып. Педагогикалық жүйе ретінде зангерлік пәндерді оқыту

Дәріс 1 сабак

Жоспар:

1. Педагогикалық жүйенің негізгі компоненттері: оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, оқыту технологиясы, ұйымдастыру түрлері, педагогикалық процесс субъектілері.

2. Зангерлік білім беруді ұйымдастырудың методологиялық және әдістемелік мәселелері.

Дәріс тезисі:

Педагогикалық процестің жеке дара бөліктері (компонентері) туралы оның теориясын жасаудан бұрын практикада жеткілікті дәрежеде жақсы белгілі болған. Олардың бір бөліктері (мақсат, міндеттері, мазмұны) өзгеру барысындағы қоғамдық өмірге мектептің әлеуметтік тапсырма ерекшеліктеріне байланысты қайта-қайта жаңадан қаралып жетілдіре түседі. Көрсетілген мәселені В.Е. Гмурман, В.С. Ильин, Б.Т. Лихачев және т. б. зерттеген. Г.К. Костюк ұстаздар мен оқушыларды педагогикалық процестің бөліктеріне жатқызды.

М.А. Даниловтың көрсетуінше педагогикалық процестің ішкі серпілісі оның негізгі, басты өзегі тәрбиенің мақсаты болады.

Жорамалдау бойынша, қандайда болмасын мақсатқа белгілі бір мазмұнды іс-әрекеттер міндеттерін шешу арқылы жетуге болады. Сондықтан педагогикалық процестің (әлеуметтік) бөліктеріне ұстаздарды және оқушыларды жатқызған жөн. Бұл педагогикалық процестің адамзаттық факторы болады. Олардың іс-әрекеттерінің бөліктерін (мақсат, міндеттер, мазмұны, құрал, форма, әдістер мен тәсілдер, нақтылы тапсырманың түрі), маңыздылығы олардың оқушыларды оқытуудың мәнінің құрамына кіруінде. Сондықтанда процестің бөліктері «ұстаздар мен оқушылар» жүйесін құрайтын адамдар және олардың іс-әрекетінің бөліктері болды.

Педагогикалық процестің мәнін терендеу және жан-жақты түсіну үшін тек бөліктер құрамын ғана емес, сонымен бірге олардың әрбірінін ерекшеліктерін білу керек. Педагогикалық процес бөліктерінің ерекшеліктерін түсіну нақтылы оқу орнындағы педагогикалық процесіндегі солардың арасындағы объективті өмір сүретін ішкі байланыстарын анықтауға мүмкіндік береді. Бөліктердің ерекшеліктерін қарастырайық. Отандық педагогикада тәрбиенің мақсаты жан-жақты тұлға дамуындағы, гумандық бірізділік идеясы түрғысынан анықталады. Бұл мақсаттың сөз жоқ өзінің құндылығы бар, оның тәрбие мақсатының қоғамдық талабынан өсіп түсінуінде (Р.Г. Гурова). Философтар мақсатты идеал (идеал – мақсат) ретінде қарастырады. Алайда мақсат - идеал немесе іс – әрекеттің нәтижесінін өте онды тамаша моделі аралық мақсаттарға жету арқылы қол жетеді, оларды мақсат-міндеттер деп анықтауға болады. Басқаша айтқанда, педагогикалық процеске сай мақсат идеалға жету осы нақтылы бөлікке шешуге көздейтін кейбір шартты сатыларға бөлүмен байланысты. Егер идеал — мақсатқа жету ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық және дене тәрбиесін (біртұтас педагогикалық процесс) міндеттерін бірден және комплексті түрде шешүмен байланысты болса, онда педагогикалық процестің жеке алынған бөліктерінің мақсат-міндеттері, әрине, аумағы жағынан көп кіші және мазмұны жағынан нақтылы (мысалы, сабак үшін) болады.

Кейбір мақсат-идеал мен мақсат-міндеттер арасындағы айырмашылықтарына қарамастан міндеттер қойылған мақсат бағытында жасалған ерекше қадам болады және белгіленген нәтиже алу үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап береді. Ұстаз үшін оқушылармен бірге тек қандай нәтижелерге жетудегі қозғалыс қайтып үйымдастыру ғана емес, сонымен бірге алда істелінетін жұмыстың (не істеу керек) міндеттерін мұқият үйілестіру арқылы қойылған мақсатқа саналы қозғалысын қамтамасыз ету өте маңызды. Тағыда, оны субъект – субъектілік қатынастар педагогикалық процесстің екі жақтылы болғандықтан оқушылармен бірге жасау керек.

Педагогикалық процесстің мақсаты мен міндеттері тандап алынатын іс-эрекеттің мазмұнын анықтайды. Қазіргі кезеңдегі жалпы мәдениеттің теориясы (Кизимов В.В., Маркарян Э.С. және т.б.) іс-эрекеттің мазмұны әлеуметтік тәжірибелі менгеруге адамзаттың жинақталған барлық мәдениеттер байлығына айтылған окуға (В.И. Ленин) бағытталуы керектігіне сендереді. Маркарян Э.С. өте айқын түрде қоғамдық мәдениет (адамзат жинақтаған мәдениет) адамзат колективтерінің үйымшылдығына әкелетін адамдар әрекетін біріктіру мен үйымдастыру үшін аса маңызы бар болатындығын дәлелдеді. Әрбір адам материалдық, рухани және әлеуметтік реттелуші немесе адамгершілік мәдениеттерді менгеруі керек. Әрбір көрсетілген қабаттар өз өрекшеліктерімен көзге түседі. Материалдық мәдениет - адамзат жасаған заттар жиынтығы мен материалдық құндылықтар (машиналар, саймандар, техника әртүрлі міндеттері бар объектілер). Бұл мәдениет қабатымен мұра болмайтын біліктер байланысты адамның бар материалдық құндылықтарды жаңа тәжірибеле енгізуге және жаңаны жасауға, мүмкіншілігіне себеп болады. Рухани мәдениетті, кейде оны интеллектуалды дейді, адамдардың айналада қоршаған табиғат пен әлеуметтік ортада, ғылымда, өнерде белгіленеген белгілі бір қабылдау мен бейнелеп көрсету деңгейін айтады. Әлеуметтік нормативті мәдениет адамдардың қоғамдық өмірлерін үйымдастыру мен (экономикалық, құқықтық, саяси этикалық және т.б.) байланысты және ол әдетте мұра болмайтын жүріс-тұрыстарының әртүрлі формаларында материаланады. Мәдениеттің әрбір қабаты адамзат белгілі бір іс-эрекетте «орындаған». Жалпы, адамзат мәдениетінің әрбір қабатының өрекшелігі, ең алдымен, тұлғаның жан-жақты дамуы дәл адамзат мәдениетінің барлық байлығын менгеруді талап етуін көрсетеді. Екіншіден, мәдениет қабатының әрбіреуі адамды дайындаудың бір жолын көрсетеді. Үшіншіден, әрбір мәдени мұраның мазмұнының өрекшеліктері, тұлғаның жан-жақты дамуы үшін қолдануға болатын, яғни индивидке мәдениет мазмұнын менгеруге көмектесетін іс-эрекет түрлерін, құралдарды анықтау қажеттігіне бағыттайтыны.

Тұлғаның қалыптасуы адам тегінің (тек қана адамға тән) құралдарын, іс-эрекеттерін менгермейінше мүмкін емес. Әлеуметтік тәжірибелін, заттың өзінің жеке дара элементін адамзат іс-эрекетіне ауысуы, яғни адам өндірісте қалыптасқан іс-эрекетті айқындау (затсыздандыру). Ұстаз бұл тәжірибе қандай іс-

әрекет тәсілдері арқылы жасалынғанын анықтайды. Ал индивидтің іс-әрекет тәсілдерін менгеру сол индивид тұлғасының өзгеруіне әкеледі (заттандыру). Ис-әрекет педагогикалық міндеттері шешу көзқарасы жағынан ықпал ету құралы болады. Туған кезінен бастап даму үстіндегі индивидтің өміріне мынадай іс-әрекеттердің түрлері жүйелі кіреді: қарым-қатынас, ойын, еңбек (тұрмыстық, ақыл-ой, дене, өндірістік), өнер және табиғатты қорғау.

Біршама консервативтік болғанмен, яғни уақыт өткен сайын аз өзгеретін таңдаап алынған жұмыс формасы қойылған міндеттерді шешуге белгілі бір әдіс, тәсілдерді қолдануды талап етеді. Нақтылы педагогикалық процесте бұл әрқашанда нақтылы тапсырмаларды (жүктелген, міндет, іс) орындаумен байланысты. Ұстаз үшін «еңбегінің затын» талдау (ол үшін оқу еңбегінің мазмұны болады) оқылатын материалды менгеру үшін оқушылардың танымдық іс-әрекет тәсілдері ерекшеліктерін айқындауға кажет. Оқушылар үшін таным іс-әрекетінің «еңбек құралдары» (әдістер мен тәсілдер) олардың оқи алуы үшін, енді үйренуге керекті заттар. Сонда олардың педагогикалық процестің оқу және оқудан тыс аймақтарына белсенді қатысу мүмкіншілігі шындыққа айналады. Сондықтан, егер формада (өзара әрекеті үйымдастыруды) ынтымақтастықтын объективті алғы шарты ішінде болса, онда олар балалардың іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдерін менгеру арқылы белгілі бір жеке алынған әрбір оқушыға немесе топқа арналған мұғалім тарапынан немесе колектив атынан берілген тапсырмаларды орындауда жүзеге асырылады. (Котов В.В., Лийметс Х.И., Дежникова Н.С., Первин И.Б., Хан Н.Н.).

Педагогикалық процесс компонентерінің ерекшеліктерін талдау олардың арасында ішкі бірліктері мен өзара байланыстылығының бар екендігінің көрсетеді, оны ескерілмейінше педагогикалық пропестің жүйе ретіндегі құрылымы туралы мәселені шешу мүмкін емес. Бұл әрине бөліктер арасындағы байланыстарды анықтаумен бірге, белгілі бір нәтижеге әкелетін, яғни процеске тән заңдылықтарды нақтылы жағдайларды да анықтауды шамалайды. Педагогикалық процестің заңдылықтары қандайда болмасын мұғалімнің жұмысындағы ұқсас жағдайларда байқалатын себеп-салдар детерминдықпен, жалпылықпен сипатталады. Заңдылықтар объективті осы процеске қатысушылардан — олардың ұнамды көңіл-күйінің тілектерінен тәуелсіз.

Педагогикалық процестің заңдылықтары «ұстаздар - оқушылар» жүйе байланысының бейнесі: жүйенің өзінің ішіндегі кейбір жеке қосымша жүйелердің және сыртқы басқа одан жоғары сатыдағы жүйелер байланысы (мектепті қоршаған әлеуметтік орта, қоғам). Көрсетілген себеп бойынша педагогикалық процестің қызмет істеуінің ерекшелігін (жағдай, байланыс, қатынас көрсететін процестің қасиеті мен оның сапасын) бейнелейтін заңдылықтар анықталады. Заңдылықтар педагогикалық процестің ішкі және сыртқы байланыстарын көрсетеді, олар өз арасында жеткілікті дәрежедегі курделі байланыстарын құрайды. Сондықтан, егер ұстаз нақтылы педагогикалық процессті

негізгі жағдайда зандар мен зандылықтарды ескермей үйымдастырса, бұл, ең ақырында, оку-тәрбие жұмысының сапасынан төмендеуіне әкеледі.

Методология (грек. *metodos* – таным жолы, *logos* – ілім) : 1. белгілі бір ғылымда қолданылатын танымдық әдіс-тәсілдердің жиынтығы; 2. танымның принципін, формасы мен әдіс-тәсілін құру жөніндегі ілім.

Методология адамның теориялық және тәжірибелік қызметін үйимдастыру мен түзудің түпкілікті принциптері мен тәсілдерін жүйелі түрде сұрыптаپ, жанжақты талдап, олардың қолдану аясын, мүмкіндіктерін, өзара байланысын, шындықтың өз қасиеттері мен зандылықтарына сәйкестігін анықтап, философиялық-логикалық, танымдық-теориялық] тұрғыдан негіздел, таным мен қоғамдық тәжірибелің әрі қарай дамуына жол ашады. Философия тарихында методологиялық мәселелер мәдениет дамуының деңгейіне сай шешіліп отырды.

Ертедегі философиялық жүйелерде методологияның негізі салынды. Аристотель ашқан ойлаудың формалары мен зандылықтары барлық ғылыми зерттеулер мен ғылыми жүйенің құрылышы үшін аса маңызды болды. Жаңа дәуір философиясында жаратылыстану ғылымының қарқынды дамуына байланысты методология теориялық ойлаудың негізіне айналды. Ағылшын философы Ф. Бэкон материяны және оның әр түрлі формаларын материалистік философия принциптері негізінде жан-жақты зерттей отырып, байқау мен экспериментке сүйенетін методологияның ең негізгі, тиімді әдіс деп есептеді.

Р. Декарттың “Әдіс туралы ойлауында” Бэконның эмпиризміне қарсы қойған рационалистік әдісі де белгілі бір философиялық принциптердің салдары болды. Бұл дәуірдегі методологиялық ғылым ретіндегі философия математиканың философиялық құрылышын үлгі ретінде ала отырып, табиғи ғылыми жүйелілікке және дәлдікке ұмтылды. XVII-XVIII ғасырларда дәл ғылымдардың философияға әсерінің үлгаюы жаратылыстанудың методология ретіндегі механикалық материализмнің кеңінен таралуына септігін тигізді. И.Кант “Таза ақыл” жүйесінің формальды шарттарын ашуға тиіс трансценденталды методология идеясын ұсина отырып, философияны методологияға айналдыруға ұмтылды. Кант одан кейін Г. Гегель қарапайым әдісті кез келген ғылым (механика немесе математика) үшін даму принципі етіп алғысы келмеді.

XX ғасырда ғылым мен техниканың зор жетістіктері, қоғам өміріндегі құрделі өзгерістер, жаһандық мәселелердің туындауы методологияның ілгері дамуына, білімнің ерекше саласы ретінде бөлініп шығуына әкелді. Методологияның З деңгейі бар: философиялық, жалпы-ғылыми және жеке-ғылыми милософиялық методология – жалпы әмбебап әдіс туралы ілім, таным мен тәжірибелің жалпылама принциптері мен әдіс-тәсілдерінің жүйесі. Жалпы-ғылыми методология ғылыми танымға ортақ жүйелілік, модельдеу, құрылымдық-функционалдық талдау, ықтималдылық секілді әдістерді зерттейді. Жеке-ғылымиметодология жекелеген ғылымдар саласында қолданылатын әдістерді,

принциптерді ғыл. танымның деңгейлеріне қатынасында қарастырады. Методологияның деңгейлері бір-бірімен тығыз байланысып, философиялық-методологиялық принциптер мен тұжырымдарды нақтылайды, сондай-ақ терең негізделіп, сұрыпталып, өзінің қолдану аясын, мүмкіндіктерін анықтайды.

2 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 37, 55, 93-99

3 тақырып. Болондық процесс. Оқытудың кредиттік технологиясының ерекшелігі

Дәріс 1 сабак

Жоспар:

1. Болондық процесс тарихы жоғарғы оқу орнының білім беру процесіндегі оқытуды ұйымдастыру түрі ретінде.
2. Болондық процесс құжаттары.
3. Қазақстан Республикасындағы болондық процестің іске асырылуы.

Дәріс тезисі:

XXI ғасыр- жаңалықтың уақыты. Бүгінгі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі қалыптасып, әлемдік деңгейде білім кеңістігі өзіндік ерекшелікпен алға басуға бағыт алуша.

Рухани, ұлттық құндылықты өрістетуге, тәуелсіздіктің ақ таңының нұрлы болуына, елді нағайтуға берік болатын - мықты білім.

Жаңашылдықты пайдалана отырып, жаһандану заманы қоғам өмірінің кез-келген аясында инновациялық-технологиялық дамудың стратегиялық бағытына бет бұруды талап етеді. Бұл бағытты игерудің бағдаршамы-жоғары білім саласы. Кез-келген салада инновациялық тұрғыда ойлап, іс-әрекеттерге баратын бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, Қазақстанның инновациялық-технологиялық дамуының негізгі міндеті болып табылады.

Білім саласының парадигмасының өзгеруі болашақ мамандарды дайындауға жалпы қоғам тарапынан көзқарастың түбегейлі өзгеруін талап етеді. Бұл жерде, оқытудың жаңа әдістемелік тұрғыдан жүргізуі, оқытушының ролінің өзгеруі, Болондық процесс философиясына сай болуы керек.

Дәстүрлі әдісте оқытушы мен студент арасындағы диалог ретіндегін оқытушы тарапынан бақылау ретінде қалыптасқан болса, заманауи педагогикалық технологиялар мен жаңа ақпараттар негізінде дәстүрлі әдістің директивтік сипатын жұмсартып, оқытушының ролін түбегейлі өзгерте отырып, оны тек білімнің қазығы ғана емес, әртүрлі ақпаратты игеруде жүйелі басшы ретінде, студенттің жаңаша креативті ойлауын қалыптастыратын және олардың өзіндік шығармашылық жұмысының жетекшісі ретінде қарауға болады.

Біздің Академиямызда кредиттік технология бойынша оқыту 2012-2013 оқу жылынан бастап жүргізіліп келеді. Дегенмен, оқытудың кредиттік технологиясы әлі де болса нақты жүйеленбей отыр. Өйткені бір жағынан оқытушының дәстүрлі білім беру жүйесі(дәріс, тәжірибелік сабактарда сұрақ-жауап ретінде), екінші жағынан оқыту процесінде әртүрлі жаңа инновациялық әдістерді қолдануға тырысу. Оның ішінде презентациялар, тақырыпты проблемалық мазмұндама ретінде түсіндіру, пікір-талас, кейс-стадиялар, топпен жұмыс істеу, ми шабуылы, сыншыл тұрғысынан ойлау, шағын- ізденістер, Insert (немесе қысқаша түртіп алу негізінде студенттер 7-10 минуттық ассоциативтік эссе жазады), блиц-тест тәсілі, сауалнама, «Бинго» қабылдау, викториналар, іскерлік ойындар, ролдік ойындар, т.с.с.

Оқытудың интерактивтік үлгілерінің негізгі критерийлері : пікір-талас тудыру, оқу материалын еркін баяндау, дәстүрлі дәрістердің аз болуы, студенттің белсенділігін арттыру, топпен жұмыс істейтін тапсырмалардың болуы, семестр бойынша кредит санына байланысты бірнеше аралық бақылаудың болуы, жазбаша жұмыстардың болуы т.т.

Нарықтық қатынастар жағдайында қалыптасып келе жатқан Қазақстандық жоғары білім жүйесі бәсекеге қабілетті кадрлар дайындау барысында, қазіргі таңда білім алушының қызығушылын ояту принципін көздейді. Демек ЖОО оқытушылары студенттердің шығармашылық әлеуетін белсендірумен қатар олардың оқуға деген ынтасын арттыру қажет. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы азаматының жеке тұлға ретінде қалыптасуы және оның рухани құндылықтар бағыттарының бастау алуын қамтитын педагогикалық міндетте осы ЖОО қабырғаларында орындалады. Өйткені, ЖОО білім беру жүйесі — әр адам өміріндегі білім алушың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Әрбір индивидтің болашақтағы жан-жақтылығы , оның білімділігі мен зиялыштылығы , сайып келгенде, бүгінгі әрбір студенттің оқу процесі барысында ізденімпаздылық пен қызығушылық әрекетінің нәтижесінен көрініс таппак.

Казіргі қоғамның жаһандық ақпараттылығы да еліміздегі жоғары білім жүйесіне айтарлықтай әсер етіп, онда қолданылып жүрген әдістердің түбегейлі қайта қаралуын талап етеді. Жоғарыда айтып кеткен оқыту әдістерімен көпшілігіміз таныс болып қалдық. Оларды оқыту процесінде пайдалану міндетті екені бәрімізге мәлім. Корыта келгенде оқытудың бұл әдістері мен құралдарын қолдануды түпкі мақсат етпей, ең алдымен бұл жаңа инновациялық әдістер ЖОО алдындағы білім беру міндеттерін шешудің құралы екенін түсінуіміз керек.

Сондықтан әр әдісті қолданғанда оқу пәнінің нақты спецификасын ескеруіміз керек. Себебі біздің ойымызша оқудың танымал, заманауи әдістерін көзсіз қолдану әрқашан ойдағыдай нәтиже береді деп ойламаймыз.

Алайда ЖОО білім беру процесінде инновациялық әдістерді дұрыс қолдану - еңселі елдің іргесін қалайтын азаматтардың білім алудағы қажеттіліктерін

қанағаттандыра отырып, болашақта сыртқы нарықта бәсекеге төтеп бере алатын жоғарғы дәрежедегі мамандар дайындаудың алғашқы сатысы.

З тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 37, 55, 93-99

4 тақырып. Дәріс сабағын дайындау және өткізу әдістемесі

Дәріс 1 сағат

Жоспар:

1. Дәріс: ұғымы, қызметі, түрлөрі және принциптері.
2. Дәріс сабағын дайындау және өткізу әдістемесі.

Дәріс тезисі:

Дәріс – жоғары оқу орындарындағы оқытууды ұйымдастырудың негізгі және заңды, академиялық түрі. Білім алушы үшін аса күрделі саланың бірі. Себебі, көп тындауға, көп жазуға тұра келеді. Білім алушылар көбіне сөзді, сөйлемнің логикалық құрылымын, олардың мағынасын ғана қабылдап, лектордың айтқанын толық қағазға түсіріп алады. Бірақ дәрістің мазмұны Білім алушының өзіндік ойлау жүйесінің құрамдас бөлігі бола алмайды. Білім алушылар көбінесе дәріс конспектісін жүйесіз пайдаланып, емтихан кезінде оқулықтың «орнын ауыстыратын» құрал ретінде ғана қолданады.

Дәрісті қалай тындау керек? Дәріс мазмұнын білімінің бір бөлігіне айналдыру үшін не қажет?

Э. Фромм төмендегідей кенес береді:

I. 1. Ешқашан дәрісті «tabula rasa» деңгейінде тындаамау қажет. Дәрісті тындау үшін де дайындық керек. Ол үшін - дәріс тақырыбымен, ұсынылатын әдебиетпен, қарастырылатын мәселемен, «Жұмыс бағдарламасымен», оқу-методикалық құралдарымен танысу қажет. Өз көзқарасыңыз бойынша тақырыпқа қатысты, қызықты сұрақтарды дайынданыз.

2. Дәрісті тындаі отырып, оқытушымен пікір алмасыңыз. Тақырыпқа қатысты өзінізді қызықтыратын мәселеге жауап табуға тырысыңыз.

3. Конспект дәрістің стенографиялық есебі болмауы керек. Дәрісті ұқыпты, жүйелі, логикалық түрғыда жазу керек.

4. Естеріңізде болсын: дәріс – бұл «тірі» процесс, өзара әсерлесу, пікіралмасу. Бұл жерде Сіз тек мәлімет сипатындағы білімді жинақтап, жаттап алмайсыз. Дәріс Сізге белгілі бір әсерін тигізуі керек, Сіздің бойыңызындағы өзгерістерге ықпал етуі қажет.

5. Дәріс кезіндегі Сіздің тәртібіңіз өзіңізге, өзге Білім алушыларға, оқытушыға деген өзара сыйластық сатысында болуы қажет.

6. Дәріс кезіндегі оқытушының міндеті Сіздің білімге деген құштарлығыңызды арттырып, біліміңізді жетілдіруге жағдай жасау. Ал жеке

тұлғалық қасиеттеріңізді қалыптастырып, оны дамыту үшін үлкен енбегіңіз қажет. (Э.Фромм. Иметь или быть? -М.: Прогресс. - 1996., с. 57-58).

II. Конспектілеу – білім алушының аудиториядан тыс өзіндік жұмысының негізгі түрлерінің бірі. Конспект (латынша «шолу») – белгілі бір нәрсенің (дәріс, мақала, кітап мазмұны) қысқаша, жазба түрде негізгі мазмұнын, фактілерін, мысалдарын қағазға түсіру. Конспектілеу барысында білім алушының логикалық ойлауы дамиды, сөйлеу мәдениеті жетілдіріледі, есте сақтау қабілеті артады. Конспект жоспардан, тезистерден, қосымша фактілер мен материалдардан тұрады. Конспектілеудің бірнеше жолдары бар. Ауызша айтылған пікірдің конспектісі – дәрістің, баяндамалардың негізгі мазмұнын жазып алуды конспектілеу деуге болады. Дәрісті конспектілеу кезінде білім алушы лектордың берген мәліметімен шектеледі. Бұндай конспектілердің құндылығы автордың тәуелсіз ойы және пікірі көрініс алады. Көптеген ғалымдар, мысалы, Альберт Эйнштейн өз жаңалығын дәріс кезінде ашқан, неміс философы Гегельдің еңбектері оның университеттегі дәрістерінің стенографиялық жазбаша білім алушыры. Дәл дәріс кезінде «творчестволық шабыт» оянады, лектордың барлық білімі аудиторияға беріледі. Сондықтан дәріс мазмұнын дәл қабылдау және оны сақтау аса маңызды. Дегенмен дәріс конспектісі – Білім алушының ойын ары қарай дамытуды көздеңен бағыт-бағдар, құрылым, қаңқа. Дәріс жас білім алушы қайта қарап, өндеп, түсініп, өзіндік баға беріп отыру керек. Мысалы: «түсініксіз», «жақсы ой», «өте маңызды» т.б. деген сияқты. Конспектіні қалыптастыру түрлері: Мәтіндік конспект - өз сөзімен, мәтіндегі фактілер мен цитаталарды қолдана отырып баяндау. Күрделі конспект – мәтіннің әр бөлігі бойынша тезистер, ескертпелер, қосымша мәліметтер. Жиі кездесетін сөздер бойынша конспект – сөйлемнің мазмұнын беретін сөздерден, абзац, параграфтардан тұруы мүмкін.

4 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 23, 24, 27, 38, 45, 58, 93-99

5 тақырып. Семинар сабағын дайындау және өткізу әдістемесі

Дәріс I сабат

Жоспар:

1. Семинар: ұғымы, қызметі, түрлері және принциптері.
2. Семинар сабағын дайындау және өткізу әдістемелігі.

Дәріс тезисі:

Қазіргі кезде қоғамымызда болып жатқан үлкен өзгерістер өскелен үрпактын шығармашылық қабілетін, терен де, жан-жақты ойлай білу, ойын толық жеткізе білу қасиеттерін дер кезінде аша білу, оқытылатын пәнге деген нағыз қызығушылығын тудыру мәселесі оқу орнынын алдында тұрған өзекті мәселелердің қатарынан орын алады. Семинар сабағы қазірде алынған білімдерді пысықтау формасы ғана емес, ол сондай- ақ тындаушының өз бетінше ізденуінің, мәселені талдай алудынен алғашқы дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін

мазмұнды түрде одан ары шындаған тұсу сияқты мәселелерді қамтиды. Ал біздің жоғарғы мектеп жағдайында семинар сабағы әрбір тақырыпта мәселені зерттей алатын жүргізуші және пәннің атап айтқанда, тарих пәннің осы немесе өзге мәселелермен тікелен айналысатын, ғылым саласын жетік білетін оқытушы арқылы жүргізілетін практикалық сабактың бір түрі. Семинар сабағында сондай-ақ дәріс тындау нәтижесінде және берілген негізгі әдебі міндеттермен өз бетінше жұмыс жасау арқылы қол жеткізген білімді қорытындылайды. Сабак өткізу барысында оқытушыға сөйлей білу, өз ойын еркін жеткізе алатын және қорытынды жасау арқылы ол тындаушының көзқарасын, білімі мен мағлұматын, талдау жасай алу деңгейін байқауға, тындаушы өз бетінше дайындық сағаттарында игерген теориялық білімінің дұрыстығын, өз қорытындыларының қисындылығына көз жеткізуге, осы мәселе бойынша мағлұматтарды молынан алуға мүмкіндік береді.

Жоғарғы оқу орындарында гуманитарлық пәндерден жүргізілетін семинар сабактарының көптеген формаларын қарастыруға болады. Солардың арасында біз семинар сабағың терең, кең ауқымдағы мазмұнды әңгіме түрінде өткізу формасына тоқталмақшымыз.

Кеңейтілген әңгіме семинар сабағының кең тараған формаларының бірі деп қарастыруға болады. Ол бәріне бірдей көрсетілген міндетті түрдегі және қосымша әдебиеттер арқылы тындаушылардың сабактың жоспарының әрбір көрсетілген сұрағына толықтай дайындығын талап етеді тындаушының өз оқу тобының алдында жауап беруі және олардың мәселені жан-жақты ашуға атсалысусы, өз пікірлерін білдіруі және өздерінің көзқарастарын қорғай алуы, т.б. қол жетеді. Семинар сабағын осы кеңейтілген әңгіме түрінде өткізу мәселені талқылауда тындаушылардың көпшілігің әңгімеге қатыстыруға мүмкіншілік береді, бұл жерде әрине олардың сондай-ақ сабактағы белсенделілігін көтерудің барлық мүмкіншіліктерін қолдануға тиімді.

Семинар сабағында сөйлеген әрбір тындаушыға және бүкіл топқа алдын-ала дайындалып, негізделген және жүйеленген сұрақтар қою, семинар сабағын айтып тақтаға шыққан өз әріптерінің күшті және әлсіз жақтарына тындаушылардың назарын аудару, дер кезінде оған нұсқау беріп, түсініктемелер жасау, дер кезінде түзету енгізіп отыру, оқу үрдісі барысында әрбір жаңа деректерге тындаушылардың ерекше көңіл бөліп отыруы, тындаушылар тарапынан кейде естіліп қалатын тың ойларды да уақытында ескеріп, оны кетермелеп отыру жәнет.б. жатады.

Бұл семинар сабағын өткізудің түпкі негізіне топ тындаушыларының басым белігін тікелей қатыстыру приннипі жатады, бұл міндет сабак өткізуі оқытушыға әрбір тындаушыны әңгіме-семинар сабағының тікелей қатысушысы, семинар сабағының алдына қойылған міндеттерді шешу жауабын бірге іздеуге қатысушы ретінде қабылдауды жүктейді.

5 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 23, 24, 27, 38, 45, 64, 92-99

6 тақырып. Практикалық сабакты дайындау және өткізу әдістемесі

Дәріс 1 сағат

Жоспар:

1. Практикалық сабак: ұғымы, қызметі, түрлері және принциптері.
2. Практикалық сабакты дайындау және өткізу әдістемесі.

Дәріс тезисі:

Студенттің аудиториялық сабактар мен МОӘЖ сабактарындағы негізгі күші сабакты түсінуге, нақты және анықталған мәлімет алуға, жаңа тәжірибелік дағдылар құруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзінің алға ұмтылуы мен тұрақты профессионалдық деңгейіне және өзіндік еңбегіне жұмысалуы тиіс. Егер студент жеке маман ретінде, өзінің осы қасиеттеріне ие болуы керек екенін түсінсе, онда білім алу сапасы мағыналы түрде артады.

Тәжірибелік сабактарда студенттер өзіндік жұмыс жасағанда байқалатыны, бір жағынан өзара жарысу және білім салыстыру, ал екінші жағынан бір-біріне көмек көрсету, яғни бұл жағдайларсыз жақсы маман тәрбиеленуі мүмкін емес.

Тәжірибелік сабак барысында тек білім беру ғана емес, сонымен қатар тәрбие мәселесіне де көніл бөлінеді. Сол себепті тәжірибелік сабактар кезінде оқушылардың назары тәмендегі мақсаттарға аударылады:

- білімдік және танымдық белсенділікті арттыру;
- тәжірибе кезіндегі нақтылық және ұқыптылық;
- өзін-өзі тануға тәрбиелеу;
- көру арқылы қабылдауын дамыту;
- өз жұмысын бағалай білуі;
- оқушылардың ойлау қабілетін жақсарту.

Әрбір дағдыны үйретудің мақсаты - студенттің интеллектін дамыту, олардың логикалық ойлау қабілетін, яғни студенттерді жеке тұлға ретінде дамыту. Бұларға қол жеткізудегі басты рөлді студенттің өзіндік жұмысы (МӨЖ) атқарады. Өзіндік жұмысты біз тоқтаусыз аудиториялық және аудиториядан тыс ағымдық тапсырмаларды орындау, олардың шешімін табу, презентация және реферат, глоссарий, эссе жазуға дайындық ретінде қарастырамыз. Қорытынды нәтижелері студенттің апталық, семестірлік және өмтихан сессия кезіндегі тұрақсыздығын көрсетеді. Семестр сонында аудиториядан тыс және бірнеше дағдылар бойынша бір уақыт ішінде ауырлықтар байқалады, себебі сессия жақындағы, өткенді қайталау керек. Студенттер жұмысының осындай тұрақсыздығының бірден бір негізгі себебі, студенттің өзіндік жұмысын жоспарлау кезіндегі кафедра арасындағы байланыстың жоқтығы.

Міндетті өзіндік жұмысты жоспарлаудың негізі - бір семестрге құрылатын өзіндік жұмыстардың графикасы болып табылады. Студенттің өзіндік жұмысы уақыты - бұл студентті өзінің уақытын жоспарлауға және оны тиімді пайдалануға негіздейтін өзіндік стимул. Жақсы талданып, орындалған МӘЖ нәтижелі болуын қамтамасыз етеді. Ол өзінде лекциялық ақпараттың оқылуын, тапсырмалардың шешілуін, жұмыс дайындау мақсатында қаралып, оқылып қысқаша жазылған ақпарат мазмұнын, эссе, жеке өтілмеген тақырыптардың өзіндік қаралуын, практикалық сабакқа дайындығын, бақылау жұмыстарына және реферат пен баяндама жазуға дайын болуын құрайды. Студентті өзіндік жұмыс жасауға тек оған систематикалық түрде көмек беру арқылы, оның күнделікті жұмысын қадағалап, оған қажетті ақпарат беріп, керекті әдебиеттермен қамтамасыз ету арқылы үйретуге болады. МӘЖ әсерлілігі негізінен ақпаратпен қамтамасыз етілуіне байланысты болады, яғни керек ақпарат құралдарының болуы. Тағы бір маңызды рөл атқаратыны компьютердің, интернеттің, техниканың, электрондық кітаптардың қол жетімді болуы. Дайындалған жұмысты кредиттік технология бойынша бағалай келе, мынандай қорытындыға келуге болады:

1. Артықшылықтары - халықаралық дәрежеде ұлттық білімді дәріптейтін нәтиже;
2. Өзгермелілігі - студент өзіндік жұмысқа қалауы бойынша кез-келген пәнді ала алады.
3. Кемшіліктері - аудиториялық сабактан үлкен дәрежедегі ақпараттың талап етілуі және оған бөлінетін сағаттың аздығы.

Жұмыс берушілер ассоциациясының пікірінше, түлектердің басты қабілеттері мыналар:

- жалпы даму деңгейі мен өзінде бар білімі;
- дәл ойлау қабілеті, үлкен көлемдегі ақпаратты қорытындылап, одан негізгісін алуы;
- алған білімін практикалық тәжірибеде қолдана білуі, топтық жұмыс істей алуы және окуға ынтасы болуы;
- мақсатының болуы, сол мақсатқа ұмтылуы, өзін маман ретінде әділ бағалай білуі.

Қазақстан Республикасының инновациялық дамуы интелектуалды дамыған, жеткілікті оқытатын, жан-жақты білімді беретін оқу орындарының түлектерін қажет етеді. Инновациялық білім беру технологиялары жан-жақты практикалық дамыған тұлға мен өмір мен уақытты қажет ететін дара маман құруға бағытталған әрбір педагогикалық күштің арасындағы байланыстыруыш ретінде қаралуы көзделген.

Проблемалы-іздену оқыту әдісіне (мұғалім төнірегіне орталықтандырылған): демонстрация әдісі, бағытталған дискуссия, бақыланатын дискуссия, дәріс, талқылау дәрісі, тыюторлық дайындық; фасилитарлық әдіске (студенттің қатысуымен):

1) топтық: миға шабуыл әдісі, топпен жиын, «пресс-конференция», топтағы талқылау, интервью, «дөңгелек стөл», нақты жағдай талдаулары, рөлдік ойындар, имитация, семинар;

2) индивидуалдық әдістер: индивидуалдық есептер, компьютерлық оқыту, білімдік контракт, пермоанализандырылған оқыту жүйесі, тәжирибелік сабак, индивидуалдық консультация; модульдік оқыту әдісіне: проблемалық дәріс, екі адам арасындағы дәріс, диспут, диалог, семинарлық сабак, аудитория-практикалық жұмыс; ұйымдастырылған мансаптық әдіске ұйымдастырылған ойындар жатады.

Проблемалы әдістің оқу әдістемелік ерекшелігі ол мұғалімнің оқып жатқандарға белгілі ретпен тәртіп бойынша сұрақ қойып, оған студенттер өзінің бұрынғы білімі мен тәжирибесі арқылы жауап беруі қажет.

Информатизация, технологизация және кибернетизациялауда біз жоғарғы оқу орнында оқыту процесінде информативті-технологиялық әдісті әр түрлі сабактың берілуінің оқытулық программасын құруға, нақты пәннің керекті жерін оқытуға негізделген.

Оқытушы мен студент З түрлі электронды ақпарат қолдануына болады:

- жоғарғы оқу орнының өзі құрған ақпарат;
- Қазақстанның электронды библиотека ресурсынан, интернет web- сайттардан, басқа да ЖОО;
- Шет елдік электронды ақпарат ресурстарынан.

Инновациялық технологиялық әдісті енгізу әрине білім беру жүйесіне эволюциялық процес болып табылады.

Қазір ғаламшардың интеллектуалдық өзгеруінің тенденциясы қаралып ал жаңа заман формасы, әдістер, технологиялар және жоғарғы білім беру ортасындағы инновациялар: ашық білім беру, транснационалдық және кибернетикалық білім беру және т.б.

Ашық білім беру ұйымдастырылған педагогикалық және инновациялық технология әдіспен түсіндіріледі. Ал оның архитектуралық және структуралық шешімі, ашылған стандартты интерфейс, ақпарат алмастыру форматы мен хаттамалар арқылы қамтамасыз етілген. Ашық білім берудің компоненттері: студенттің өзіндік жұмыс істеуі, виртуалдық университет және дистанциондық білім беру, инновациялық білім беру технологиялары, кейс әдісі, сабак берудің мультимедиялық әдіс және т.б

Айтып кететін жағдай инновациялық технологиялық әдіс студенттің үздіксіз білім алу концепциясы енгізіледі. Жұмыста мынадай білім берудің жетілдіру тенденциясы белгіленген: жоғарғы білім беру диферсификациясы; оқыту программасының алдағы уақыт талаптарына адаптациясы; LLL (lifelonglearning)

- үздіксіз оқыту концепциясына көшу; жоғарғы білім беруді интерналиализациялау; модульдік оқыту программасын енгізу.

Инновациялық технологиялық әдістің үздіксіз оқыту концепциясының басты тапсырмалары:

- жаңа білім алуға ұмтылып жатқан маман дайындау және де инновациялық әдіс төнірегінде университеттің білім беру жүйесіне жаңа реформалар тағайындау.
- оқытушыларды жаңа проектке дайындалуға міндеттеу арқылы ЖОО, ФЗЖ мен кәсіпкерліктер арасында қатынас құру, ал ол қаржыландырусыз мүмкін емес.
- оқытушылар мен студенттерге шет тілін үйренуді міндеттеп, сол арқылы Internet ресурстарын, әдебиеттерді пайдалануды женілдету.
- дистанциондық оқытуды енгізу, соның арқасында әр пәнге электрондық оқулықтарды енгізу арқылы авторлық қорғауды да шешу.

6 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 23, 24, 27, 38, 45, 58, 93-99

7 тақырып. Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері

Дәріс 1 сағат

Жоспар:

1. Білім беру процесіндегі студенттердің өзіндік жұмысының рөлі.
2. Өзіндік жұмыстың ұйымдастырылуы және нысандары. Өзіндік жұмысты бақылау.

Дәріс тезисі:

Бүгінгі таңда қоғамымыздың даму бағытында жан-жақты дамыған, сауатты, саналы азamat тәрбиелеу мәселесі жүктеліп отыр.

Жоғарғы оқу орындарында магистранттардың жеке тұлғасын қалыптастыру, оның рухани әлемін әрдайым байыту, оқуға деген ынта-жігерін арттыру, қоғамдық өмірдегі барлық салалардағы өзгерістер адамның интелектуалдық күш – жігерін, саналы әркеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісіннің белсенделілігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді.

Оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сайкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуда да тек мәлімет жынытығын менгеруімен шектелмей, магистранттардың өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол түрғыда өз болмысын таныта алатын магистрант етіп даярлау қажет болып отыр.

Әр ғылымның барлық саласында болмысы білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылыми-техникалық процесс кезінде бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту үрдісінде магистранттардың өзіндік оқу жұмыстарын оңтайлы

ұйымдастырудың тиімді әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Себебі, магистранттардың өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Қазіргі таңда сай өзіндік іс-әрекетін жаңа жағдайға байланысты оңтайлы ұйымдастыра білуі тиіс.

Магистранттың өзіндік жұмысы - болашақ мамандарды даярлаудың және білім сапасын арттырады. Осыған орай жоғары оқу орындарында әр білім алушыдан ой еңбегінің ұтымды әдістерін білуі, яғни аз уақыт кетіріп қажетті ақпаратты іздең және менгеріуді, фактілер, теорияны, тұжырымдамаларды жүйелеп және жіктей білуді, өз көзқарасын нақты айтып және дәлелдей білуді үйренуі талап етіледі.

Магистранттың өзіндік жұмысы – бұл магистранттың дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған магистранттың оқу әрекетінің ерекше түрі.

Өзіндік жұмыс магистранттардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады.

Магистранттардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың мәнін дидактикалық түрғыда қарастырғандар: А.Е. Абылқасымова, Н.А. Адельбаева, С.И. Архангельский, М.В. Буланова-Топоркова, М.Г. Гарунов, И.И. Кобыляцкий, Р.Н. Низамов еңбектері арналған.

Өзіндік жұмысқа берілетін анықтамалардың әртүрлігіне қарамастан, оларды бірнеше шағын топқа бөлуімізге болады.

И.Т. Протасовтың ойынша, өзіндік жұмыс біліктілік пен іскерлік жиынтығы.

Г.Н. Кулагина өзіндік жұмысты магистранттың іс-әрекет құралы белсенделілігі мен өз бетімен білім алуда дайындығы деп түсінеді.

Г.Н. Дари өзіндік жұмыстың мәнін былайша айтады. Бұл жұмысты студент өз бетімен орындауды, ол өзінің біліміне, іскерлігі мен сеніміне, өмірлік тәжірибелі, дүниетанымына сүйене отырып атқарады.

Жоғарғы оқу орындарында жүріп жатқан түбекейлі өзгерістерге байланысты МӘЖ-дің маңызы артқанын, ондағы оқытушының орнын, кредиттік оқыту жүйесінде оны ұйымдастырудың кейбір ерекшеліктері мен мәселелерін отандық зерттеушілер С.Е. Калдықозова, А. Головчун және ресейлік зерттеушілер Е. Галицких, Ю. Попов пен В. Оробинский, И.Г. Ковалевский, Г. Ларионова еңбектерінде қарастырылады.

Педагогика-психология ғылымында, өздігінен білім алу, магистранттардың ақыл-ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады.

Өзіндік жұмыстары әр түрлі әдістер арқылы іске асырылады, мысалы: жаттығу, кітаппен жұмыс істеу, бақылау, есеп шығару, эксперимент жүргізу т.б.

Магистранттардың өздігінен орындайтын жұмыстарының бір жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Сондықтан жоғарғы оқу орындарында әрбір курста оқытушылардың басшылығымен магистранттар жаттығуларды өз бетімен жұмыс істеуге ұмтылады.

Магистранттардың өзіндік жұмысы болашақ маманның шығармашылық ойлауын, танымдық қызығушылығын және арнайы білім алудың қамтамасыз ететіндіктен жаттығулардың маңызы зор.

Р.С. Немов төмендегідей корытынды жасаған: «Білік дағдылардың барлық түрлерін қалыптастырудың жжаттығулардың маңызы зор. Олардың негізінде дағдылар автоматтандырылып, біліктілер жетіледі. Ал құнделікті, жүйелі жаттығуларсыз, білік, дағдылар өз қасиеттерін жоғалтады».

Өз бетімен жұмыстың маңыздысы - магистранттың өз беттерімен орындаған алуларына, оқуға белсенділігінің артуына, шығармашылығын қалыптастыруға ықпалы мол. Өз бетімен жұмыс жасау барысында магистрант Р.Сүлейменов өздігінен істейтін жұмыстарды әрекет сипатына қарай жаттығу, зерттеу шығармашылық жұмыстар деп топтастырады. «Шығармашылық енбекте магистранттың іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашылық жұмыстар магистранттардың дүниетанымына, ізденімдік қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Онымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі.

Оқытушының сабакқа дайындалғанда өзінің әрекеттерін ойластыруымен шектелмей, деңгейіне қарай магистранттың әркетіне мән беруі тиіс.

Өзіндік жұмыстың түрлері сан алуан. Оларды топтастыру-өте күрделі мәселе. Сондықтан магистранттардың өзіндік жұмыстарын таныстыру үшін бірнеше шарттар мен белгілерді ескеру керек.

Оқытушының мақсат міндеттеріне және пәннің мазмұнына, оқыту әдістерінің ерекшеліктеріне, магистранттың даму дәрежесіне қарай өзіндік жұмыстарды бірнеше топқа бөлуге болады. Оның негізгі жиі кездесетін бір тобы - сабак мақсатына қарай қолданылатын жұмыстың түрлері. Олар мыналар:

- жаңа білімді меңгеруі;
- жаңа білімді бекіту;
- білім мен дағдыларды қайталау, бақылау және тексеру.

Магистранттардың жұмыстарының барлық топтарын оқытушы оқыту барысында жүйелі түрде әрқайсысын өзіне тиісті жерінде қолдануға міндетті және оның бір ерекшелігі – оқыту үрдісінің барлық кезеңдерінде қолдануға болады. Сондай-ақ магистранттармен жүргізілетін өзіндік жұмыстары олардың таным, іс-әрекеттерінің ерекшеліктеріне қарай әр түрлі бағытта ұйымдастыруға болады.

Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындаудың үдайы жағдай жасалуы қажет. Ол үшін мынадай міндеттер орындалу керек:

- Магистранттарға өзіндік жұмыстар туралы түсінік беру.
 - Магистранттардың өз бетімен тапсырма орындау әдістерін таныстыру.
- Өзіндік жұмыстардың үйымдастырудың негізгі шарттары мыналар:
1. Оқытушының нақты тапсырмалар беруі;
 2. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың дербестігінің өзара байланысы;
 3. Жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеу;
 4. Олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі.

Магистранттардың өзіндік ұмысын үйымдастырудың маңызы өте зор. Өйткені, сол арқылы магистранттардың іс-әрекетінің дербестігі артады.

Магистранттың өзіндік жұмысы кез-келген пәнді оқуға өзіндік жұмыстың орындалу әдістерінің қалыптасуына бағытталғанымен, бұл жұмыс магистранттың ғылыми, оқу кәсіби қызметін қалыптастырып, мәселелерді өзіндік шешуіне оптималды шешімдерді қабылдауға, дағдарыстық жағдайлардан шығуға арналған.

Жоғарғы мектептің орта мектептен ең басты айырмашылығы - оқыту жұмысының әдісі және оқушылардың жеке деңгейі болып табылады.

Жоғарғы оқу орындарында магистрант білімді өзі жинап, ғылымды өзі таниды, ал оқытушы тек магистранттардың танымдық қызметін үйымдастырады және бақылайды. Сондықтан магистранттың өзіндік жұмысы оқыту қызметінің барлық түрлерінің міндеттерін анқытайты.

Сонымен катар, магистранттардың өіндік жұмыстарының тәрбиелік мағынасы өте зор. Өйткені, бұл жұмыс-студенттің білім алудағы жеке жұмысын ғана емес, қазіргі заманғы жоғарғы кәсіби маманды тұлға рентінде қаплыптасуына мүмкіндік береді.

Магистранттың өзіндік жұмысы үйымдастыру жоғарғы оқу орындарындағы негізгі нормативті құжаттармен сәйкестендіріліп, жүзеге асады.

Магистранттың өзіндік жұмысын белсендірудің тәсілдері үйымдастырушылық және әдістемелік болып бөлінеді. Әдістемелік жағынан белсендіру қолданылған әдіс-тәсілдерге, магистранттың өзіндік жұмысының формалары мен үйымдастыру құралдарына байланысты.

Өзіндік жұмысты оқытушының дұрыс басқара білу және магистранттардың дербестік әрекетінің дәрежесі артып отыруы-осы жұмыстың белгілері болып табылады.

Магистранттың өзіндік жұмысының маңызын толығырақ түсіну үшін, оның атқаратын негізі мен міндеттерін атап өткен жөн болар.

1. Магистранттардың дербестік қабілетін мейлінше арттыру.
2. Олардың алған білімінің саналылығы мен беріктігін қамтамасыз ету.
3. Магистранттарға оқуға қажет біліктер мен дағдыларды қалыптастыру.
4. Таным ақыл-ой қабылетін дамыту.

Сонымен, өзіндік жұмыс магистранттардың шығармашылық әрекеті мен ынталасын дамытуда зор әсер білдіреді, қайсаrlық, табандылық, батылдыққа тәрбиелеуде және қалыптастыруда көздеңен мақсатқа жетуге және жеке тұлғаны сапалық қасиеттерін жетілдіруге зор мүмкіндік береді.

7 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 34, 38, 45, 64, 93-99

8 тақырып. Білім алушылардың білімдерін бақылау және бағалау

Дәріс I сағат

Жоспар:

1. Білім алушылардың білмін бақылау және бағалау: ұғым, қызметі, принципті.
2. Білім алушылардың білмін бақылау және бағалау түрлері мен әдістері.

Дәріс тезисі:

Білім алушылардың аралық аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу оғис - регистратор бөліміне жүктеледі.

Білім алушылардың ұлгерімін ағымдағы бақылау пәндік оқу бағдарламаларына байланысты мына турлерді қамтиды: ауызша сұрау, жазбаша бақылау, құрама бақылау, пікір сайystар, дөңгелек столдар, кейс – сатылар, тесттер мен үй тапсырмаларын сұрау. Емтихандар ауызша немесе тест түрінде өткізіледі. Ауызша түрде бір күнде екі немесе одан көп емтихан тапсыруға рұқсат етілмейді. Тест нысаны кезінде екі немесе одан да көп пәндердің бейіндік және жақындық принципін сақтай отырып, емтихан кешенді түрде өтуі де мүмкін. Әрбір оқу пәні бойынша емтиханды өткізуінде нысандары мен тәртібі факультет кеңесінің шешімімен белгіленеді. Емтиханға келген білімалушылардың қолында студенттік билет болуы керек.

Пән бойынша оқу жоспарына сәйкес бақылау түрі курстық жұмыспен (жобамен) анықталады. Курстық жұмысты (жобаны) қорғау пән бойынша қорытынды баға есебіне жатады.

Межелік бақылау бір академиялық кезең аралығында, бір оқу пәні шеңберінде кемінде екі рет өткізіледі.

Білім алушыларды аралық бақылау, бұл оқу бағдарламасына сәйкес пәнді оқып болғаннан соң, оны игеру деңгейін бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім. Университетте білім алушылардың аралық бақылауы және емтихан сессияларының кезеңділігі мен ұзақтылығы мамандықтың оқу жұмыс жоспары және ЖОО - ның ғылыми кеңесінде бекітілген академиялық күнтізбеге (оқу процесінің кестесіне) сәйкес жүргізіледі.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру емтихан сессиясы кезінде оқыған пәндері бойынша емтихандар тапсыру түрінде жүргізіледі. Университеттің ғылымиңекесінің шешімімен емтихан тестілеу нысанында жүргізіледі. Магистранттардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық аттестаттау өткізу дің тәртібі Магистратурада білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау бакалаврият студенттеріндегідей тәртіппен жүргізіледі. Магистранттарда аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарына, академиялық құнтізбе мен кәсіптік оқу бағдарламаларына сай емтихан тапсыру және сараланған сынактар түрлері бойынша жүргізіледі. Аралық аттестаттаудың мерзімділігі мен ұзақтығы университет ғылыми кеңесі бекіткен академиялық құнтізбе мен мамандықтың оқу жұмыс жоспарына сәйкес белгіленеді. Емтихаңдар бекітілген кестеге сәйкес аралық аттестаттау кезінде тапсырылады.

Емтихандардың кестесін жасау оффис регистраторға, ал оқу кестесін жасау университеттің тиісті факультетінің деканатына жүктеледі. Емтихан кестесін оқу ісі жөніндегі проректоры бекітеді және емтихан басталғанға дейінгі екі аптадан кешіктірілмей білім алушылар мен оқытушылардың назарына жеткізіледі. Емтиханға жіберу нақты пән бойынша жіберілу рейтингі бағасы анықталатын үлгерімнің ағымдық бақылау бағасының негізінде жүзеге асады.

Жіберілу рейтингінің нен оң баға ала алмаған білім алушылар қорытынды бақылауға (емтиханға) жіберілмейді. Курстық жұмысты (жоба) тапсырмаған білім алушылар сол пән бойынша емтиханға жіберілмейді. Факультет басшысы кей жағдайда (сырқатына, отбасы жағдайына немесе басқа да объективті себептерге байланысты) білім алушыға жеке кестесі бойынша емтихан тапсыруға рұқсат ете алады. Факультет басшысына аурулығы, сәбидің дүниеге келуі, жақын туыстарының қайтыс болуы, қызметтік немесе оқу іссапарында болуына байланысты жағдайларды растайтын анықтамалар тапсырылған жағдайда білім алушыға жеке кесте бойынша емтихан тапсыруға рұқсат беріледі. Емтихандық сессия кезеңіне жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен аппеляцияланатын пән бейініне сай біліктілігі бар оқытушылардан тұратын аппеляциялық комиссия құрылады.

Емтихандар тест немесе ауызша түрде өткізіледі. Емтихан тест түрінде тапсырылғанда пәндердің бейінділігі мен ұқсастығына байланысты екі және одан да көп пәндерден кешенді емтихан белгілеуге рұқсат етіледі. Оқу пәні бойынша аралық аттестаттау өткізу кезінде академиялық кезеңдегі емтиханнан алған бағасы мен ағымдық бақылаудан (жіберілу рейтинг бағасы) алған орташа баллы ескеріледі. Эр пән бойынша емтихан аяқтапардан кейін білім алушыларға қорытынды баға университет студенттеріне қойылатында тәртіппен қойылады.

Емтихандық ведомосы барлық оқу кезеңі бойынша білім алушылар жинаған кредиттер санын есептеумен айналысатын оффис регистраторға тапсырылады. Білім алушылар барлық емтихандарды жұмыс жоспарына, жеке оқу жоспарына және оқу бағдарламаларына сәйкес тапсырады. Білім алушылар қосымша оқу түрлерінің пәндері бойынша да емтихан тапсыра алады, нәтижелері емтихан

ведомосына және білім алушының жеке ведомосына жазылады. «Қанағаттанарлықсыз» бағаны оң бағаға қайта тапсыру үшін білімалушы пән бойынша оқу жұмыс жоспарында көрсетілген барлық оқу сабак түрлеріне қайта қатысып, емтиханға жіберілу рұқсатын алады және қорытынды бақылау тапсырады. Қорытынды бақылаудан алынған қанағаттанарлық бағаны жоғарылату үшін осы аралық аттестаттау кезеңінде емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді. Қорытынды бақылаудың нәтижесімен келіспеген білім алушы емтиханнан кейін (келесі күні) аппеляция беруге құқығы бар.

Пән бағдарламасын толық орындаған білім алушы емтиханға келмеген жағдайда емтихандық ведомосындағы фамилиясының тұсина «келген жоқ» белгісі қойылады. Дәлелді себептерге байланысты келмеген жағдайда факультет басшысының өкімімен емтихан тапсырудың жеке кестесі белгіленеді. Дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» бағасы қойылып, жазғы қосымша семестрге қалдырылады. Транскриптке магистранттың барлық қорытынды бағаларымен қоса қайта тапсырылған емтихан нәтижелері де жазылады. Оқу жылы аяқталғаннан кейін емтихандық сессиялар қорытындысының негізінде жоғары оқу орны басшысының бұйрығымен жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушыларды курсан курсқа көшіру жүзеге асырылады. Осы мақсатқа сәйкес көшіру балы белгіленген. Курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ ең тәменгі көшіру балын ала алмаған білім алушыларға өз үлгерімінің орташа балын көтеру мақсатында жазғы семестрде ақылы негізде жекелеген пәндерді қайта оқуға және сол пәндер бойынша қайта емтихан тапсыруға мүмкіндік беріледі. Емтихан қорытындылары және емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін оқу процесін жақсарту жөніндегі ұсыныстары кафедра, отырысының талқылауына шығарылады. Жоғары оқу орнынан шығарылған тұлғаға білімі аяқталмағандығы туралы Анықтама беріледі. Магистранттарды қорытынды аттестаттаудан өткізуін тәртібі

Магистранттарды қорытынды аттестаттау академиялық құнтізбеде және мамандықтардың оқу жұмыс жоспарында қарастырылған мерзімде кешенді емтихан тапсыру және магистрлік диссертация қорғау түрінде өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауға оқу жұмыс жоспары мен оқу жұмыс бағдарламалары талаптарына сай оқу үрдісін аяқтаған білім алушылар жіберіледі. Бітіруші курсын білім алушылары жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламасын орында маса жазғы семестрден өткізілмestен оқу курсын қайта оқуға қалдырылады. МАК құрамына оның мүшелерінің құқықтарымен бірдей мыналар кіреді: магистратура мамандықтары бойынша - шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін ғылыми дәрежесі, немесе ғылыми атағы немесе академиялық дәрежесі бар тұлғалар (бейіндік магистратура үшін құрылған МАК-тың құрамына, сондай-ақ шығаратын мамандарының бейініне сәйкес келетін жоғары білікті мамандар).

МАК-тың сандық құрамын университет белгіледі, жоғары оқу орны басшысының бүйрығымен 31-ші желтоқсаннан кешіктірілмей бекітіледі және ол бір күнтізбелік жыл бойы қолданыста болады. Магистранттарды қорытынды аттестаттауға жіберу ЖОО бүйрығымен тізім бойынша бекітіліп, қорытынды аттестаттау басталуынан 2 апта бүрын МАК-қа тапсырылады.

Мамандықтар бойынша кеш енді емтиханға магистратура мен докторантуралық кәсіптік оқу бағдарламасының міндетті базалық және бейіндік компоненттерінің пәндері кіреді.

Кешенді емтихан келесі нысандардың біреуі бойынша өткізіледі: ауызша, жазбаша бекітілген пәндерден тест.

Кешенді емтиханның бағдарламасын өткізу нысанын және тапсырмалар мазмұнын жоғары оқу орыны осы кешенді емтиханға енген пәннің оқу бағдарламасы негізінде өздері әзірлейді.

Магистр немесе докторлық бағдарламаларды іске асыратын жоғары оқу орындары тесттік тапсырманы, олардың түрлерін (ашық, жабық, аралас) және тестілеудің өткізули технологиясын өздері әзірлейді.

Кешенді емтихан: магистрлік диссертацияны қорғауға дейін 1 ай бүрын; докторантуралық диссертацияны қорғауға дейін 3 ай бүрын қабылданады.

Кешенді емтихан нәтижелері магистратура мен докторантурада әрбір білім алушы бойынша осы Ереженің 8-қосымшасына сай белгіленген нысандағы хаттамамен ресімделеді. МАК отырысының хаттамасын бітіртіп шығарушы кафедраның оқу-көмекші қызметкерлері арасынан тағайындалған МАК-тың құрамында бекітілген хатшы жүргізеді.

8 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 34, 38, 45

9 тақырып. Зангерлік пәндерді оқытудың оқу-әдістемелік қамтамасызын етілуі

Дәріс 1 сабак

Жоспар:

1. Оқу-әдістемелік құжаттар: ұғымы, түрлері, ерекшеліктері.
2. Оқу-әдістемелік құжаттарды өндөу және дайындау тәртібі.

Дәріс тезисі:

Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі

Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру осы Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының „Білім туралы” Заңының 5-бабы 25 тармақшасына сәйкес және білім беру ұйымдары мен тиісті инфрақұрылымдарда оқу-әдістемелік жұмысқа басшылық жасауды және үйлестіруді жүзеге асыру үшін әзірленген. Пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК) пәннің мазмұны мен құрылымын, оның оқу жүйесіндегі орны мен маңызын

анықтайтын негізгі білім беру бағдарламасының бөлігі болып табылады. ПОӘК теориялық білімдерді зерделеуде және жүйелендіруде, пән саласында, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдаланып қашықтықтан білім алу жүйесінде немесе дәстүрлі білім алу жүйесінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруда білім алушыға көмек беруге арналады. ПОӘК-не теориялық материалдан басқа, практикалық тапсырмалар және өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар, тест сұрақтары ж.т.с. кіреді.

ПОӘК келе сі құжаттар негізінде құрылады: – КР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС);

- типтік оқу жоспары;
- пәннің типтік оқу бағдарламасы.

Мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесіне ПОӘК-н МЖМБС мен оқу жоспарына сәйкестігін бақылау ұсынылады. ПОӘК-н шамамен алынғадағы құрамын, оны бекіту және өзгерту тәртібін қарастырайық. Пәннің оқу - әдістемелік кешені (ПОӘК) мектептің ғылыми - әдістемелік кеңесінің отырысында қаралып, бекітіледі. ПОӘК материалдары электрондық және бумаланған қағаз түрінде рәсімделеді. Бірінші бетіне барлық материалдардың тізімдемесі және ПОӘК мазмұнына мерзімі көрсетіліп енгізілген өзгертулер мен қосымшалар тізімін сақтайтын актуальдандыру беті тіркеледі.

Пәннің оқу - әдістемелік кешеніне мына материалдарды енгізу ұсынылады: - пәнге сәйкес МЖМБС талаптары(техникалық және кәсіптік білім беру үшін); - типтік оқу бағдарлама (міндетті компонент пәнде рі үшін) немесе жұмыс оқу бағдарламасы (қолданбалы курстар үшін); - Силлабус (Syllabus) – білім алушыға арналған пәннің оқу бағдарламасы; - осы курс бойынша оқулық пен оқу - әдістемелік құралдар; - міндетті түрде негізгі, қосымша және электрондық әдебиеттердің бар болуы көрсетілген пәннің оқу - әдістемелік қамтамасыздандырылуының картасы; - лекциялар кешені (негізгі теориялық, иллюстрацияланған және үлестірмелі материал, өзіндік дайындалуға арналған бақылау сұрақтары, ұсынылатын әдебиет тізімі); - семинарлық/практикалық, зертханалық сабактардың жоспарлары; - практикалық, зертханалық жұмыстарды орындауға арналған, оқу жобаларын, күрделі есептемелер мен графикалық жұмыстарды орындауға, сонымен қатар БӘЖ тапсырмаларына дайындық жасауға арналған әдістемелік нұсқаулар; - білім алушының өзіндік жұмысына (БӘЖ) арналған материалдар: үй жұмыстарының мәтіндері, БӘЖ тақырыптары мен тапсырмалары, тақырыптар бойынша өзін - өзі бақылауға арналған материалдар, орындау барысында еңбек сініруінің көлемі мен пайдаланатын әдебиеттер көрсетілген жұмыстардың басқа түрлері бойынша тапсырмалар; - білім алушының оқу жетістіктерін бақылауға және бағалауға арналған материалдар: жазбаша бақылау тапсырмалары, рейтингтік бақылауға өзіндік дайындалуға арналған сұрақтар тізімі, пәннің ерекшеліктеріне байланысты оқытушы қолданатын емтихан билеттерінің сұрақтары мен өзгеде материалдар; - оқу

сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық сүйемелдейтін материалдар тізімі; - мамандандырылған кабинеттер мен зертханалар тізімі. ПОӘК – н қелесі түрдегі құрылымы және құрастыру тәртібі ұсынылады:

1. Типтік оқу бағдарламасы – тақырыптар тізімін, тақырыптар мен тақырыпшаларға біріктірілген сұрақтар номенклатурасын, оларды оқытудың ретін, курстың негізгі бөлімдеріне жұмсалатын уақытын реттейтін құжат. Бағдарламада пәннің мақсаты мен міндеттері, оның басқа пәндермен байланысы, тақырыптар мазмұны сипатталып, пәнді оқығаннан кейін білім алушының игерген білімдері, икемділіктері, дағдылары мен құзіреттіліктер саласы және түрі анықталады. Бағдарламада оқыту сабақтарының түрлері, пәнді толық игеру үшін пайдаланатын оқулықтар мен оқу - әдістемелік құралдар тізімі көрсетіледі.

2. Оқу жұмыс жоспары – ПОӘК негізін құрайтын, қолданбалы курсардың мазмұны мен құрылымын, осы бейін бойынша дайындау жүйесіндегі оның орны мен маңызын регламенттейтін базалық әдістемелік құжат. Пәннің қысқаша мазмұнын, көлемін және курсты оқытудың ретін, сонымен қатар білім алушының білімін бағалау түрлерін (ағымдық, межелік, қорытынды: реферат, бақылау жұмысы, тест, жоба, сынақ, емтихан) анықтайтын оқытушының негізгі жұмыс құжаты (Қосымша 1).

3. Силлабус (Syllabus) – білім алушыға арналған пәннің оқу бағдарламасы. Силлабустың келесі құрылымы ұсынылады: - оқытушы жайында мәліметтер(оқытушының тегі, аты, әкесінің аты, дәрежесі, жұмыс өтілімі, атқаратын қызметі, байланыс ақпарат); - пән туралы ақпарат (пәннің атауы, кредит саны, лекция, практика(семинар), немесе зертханалық сабақтар саны, семестр, өткізу орны); - пререквизиттер (Prerequisite) - оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім мен дағдыларды қамтитын пәндер. Осы пәнді терең және толығырақ игеру үшін алдын - ала оқылатын пәндерден қажетті білімдер, икемділіктер мен дағдылар қабылданады; - постреквизиттер (Postrequisite) - осы пәнді оқығаннан кейін менгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер; - бағалау туралы ақпарат (білімді бағалау шкаласы, білімді бағалау өлшемі, жұмыс түрлерінің тізімі және олардың орындалуына қойылатын талаптар); Силлабуста тақырыптарды оқып үйрену реті басқа пәндермен пәнаралық байланыстың қосарланушылығына жол бермей сақталуы керек. Сонымен қатар ғылымның, өндірістің, техника мен мәдениеттің жетістіктерін есепке ала отырып оқытуда үздіксіздік пен сабактастықтың жүзеге асырылуы қамтылу керек. Оқытылатын пәннің қазіргі уақыттағы маңызын көрсету үшін бағдарламаны жыл сайын жаңарту керек.

9 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 57, 93-99

10 тақырып. Педагогикалық шеберлік және оқытушының жеке тұлғасы

Жоспар:

1. Оқытушының педагогикалық шеберлігінің ұфымы, оның өлшемі.
2. Педагогикалық шеберліктің қалыптасуы және оқытушы тұлғаның әсер етуі.

Дәріс тезисі:

Педагогика ғылымында «оқытушы – ұйымдастырушы» тұжырымдамасымен бірге басқа да түсініктер қолданыста кездеседі. Олардың ішінде әсіресе өзінің өміршендігін практикада әлдеқашан дәлелдеген «ұстаз – шебер» тұжырымдамасын атауға болады.

Бұл тұжырымдама оқу мақсаттарымен тығыз байланысты. Шетел педагогтары оқу/оқыту нәтижелерінің төрт деңгейін ажыратады (оларды оқу/оқытудың мақсаттары деп те түсінуге болады):

1. Танысу (*discovery*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұфымдар, атаулар, түсініктер мен әрекеттер ретімен танысу.
2. Негізін игеру (*literacy*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұфымдар, әрекеттер мен олардың ретін қайталау немесе сипаттау қабілеті.
3. Игеру (*fluency*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұфымдар мен әрекеттердің ретін нәтижелі түрде қолдану.
4. Толық меңгеру, шеберлік (*mastery*) – белгілі бір сала (пән, мамандық) бойынша негізгі ұфымдар мен әрекеттердің ретін нәтижелі түрде қолдану және басқаларға білім мен біліктерді игеруге және бекітуге көмек беру.

Осы тұрғыдан алғанда ұстазды - шеберлікке ынталандыруши, шәкіртті – шеберлікке ұмтылуши, ал оқу/оқыту процесін – шеберлікке үйрену/үйрету деп атауға тұрарлық. Таным процесін осылайша түсінуді Изабель Бек «таным шеберінің қолында көмекші болып жүру» деп атайды (Beck, Icbael, and McKeown, Margaret. «Outcomes of History Instruction: Paste-Up Accounts». In Cognitive Instructional Processes in History and Social Sciences. J.F.Voss and M.Carretero (Eds.). Hillsdale, NJ: Earlbaum, 1994).

Эрине бұл ұстаным адамзат тарихынан мықтап орын алған түсінік. Сократ, Платон мен Аристотельдің шәкірттері үнемі ұстазының қасында болып, олардан адам болуды, шебер болуды, өмір сүруді үйренген.

Ислам дініндегі сопылық ағымда да үйренудің осындай үрдісі басым болған. Сопы атану үшін пірдің (ұстаздың) қол астында көптеген жылдар бойы шәкірт (мұрид) болып, оның айтқанын екі етпей (мұридтің басты қағидасы: «*Пір алдында кебіншінің қолындағы мәйіт секілді болу керек*»), одан көрген-білгенін көңілге тоқу керек болған. Бір-екі жыл ішінде пірден үйреніп шығу мүмкін емес деп есептеген сопылар. Сондықтан да олар ұзақ жылдар бойы пірдің қарамағында жүріп, ең ауыр да лас жұмыстарды атқарып (мәселен базарда қайыр сұрау немесе

әжетханаларды тазалау), тәкаппарлығын жойған кейін ғана сопы шапанын (*хирка*) жамылуға рұқсат алған.

Үйренушінің өз бетімен емей, біреудің жетекшілігімен үйренгені тиімді және нәтижелі болмақ. Ұстаз сонда өнеге тұтар үлгі және таным және ойлау әрекеттерін көрсететін шебер болып, ал шәкірт өзіндік білім құрастыру үшін ұстазының тәсілдері мен әдістерін тандаушы әрі қолданушы рөлдерін иемденеді.

Психологтар Жан Пиаже мен Анри Валлон, физик Поль Ланжевен негізін салып, оқу/оқыту мен баланың (тұлғаның) қалыптасу практикасына интенсивті, белсенді әрекеттерді енгізуді мақсат тұтқан «Жаңа білімнің француз тобы» (JFEN) атты бірлестіктің педагогикалық идеялары да «шеберлік» ұғымына негізделеді. Олар оқу/оқыту процесін тұлға дамитын «шеберхана» деп атаған, демек мұндағы ұстаздар «шебер» рөлін атқарған. Бұл бірлестік білім саласында келесі қағидаларды ұстанған:

1. Үйрену/үйрету мақсаты – жаңа көзқарастағы тұлға.

Бұл - өзіндік пікірі бар, өзіндік тұрғыдан әрекеттene біletіn, әлеуметтік жауапкершілігі мен ұйымдастыру қабілеттері жоғары, өз өмірі мен қоршаған әлемге позитивті ықпал жасап, оларды жағымды тұрғыдан өзгерте біletіn тұлға.

2. Баланың бәрі де қабілетті.

Әрбір баланың барлық әрекеттерге деген қабілеті бар: кез келген бала жаратылыстану мен гуманитарлық білімдерді, барлық өнерлерді меңгере алады. Мұнда мәселе тек әдіstemede, яғни баланың қалай үйренуінде, оны қалайша үйретуде.

3. Тұлғаның дамуы мен үйрену/үйретудің интенсивті әдістері.

Мұнда келесі ұстанымдар қадағаланады:

- Ұстаз шәкіртін өзіне тең тұлға ретінде қабылдауы керек.

- Білімді дау мен құдік туғызбайтын ақиқат ретінде бермей, үйренушілердің білімді өздігімен құрастыруына жол беру. Үйренушілер ақпаратты күмән және сын тұрғысынан жан-жақты қарастырып, проблемаларды шығармашылықпен шешу керек.

- Пікірлер мен шешімдердің көптігі, басқалардың көзқарасы мен идеяларына деген төзімділік пен сыйласымдық қуатталады.

4. Ұстаздың жаңа тұлғасы.

- Ұстаз – шебер. Ол авторитарлы, бала тұлғасын жаныштайтын ұстанымдардан бас тартып, шәкіртін сыйлайды, оның үйренуіне мұдделі болады. Ұстаз сенім атмосферасын қалыптастырып, мейірім жайлаған орта құрастырады, қарым-қатынасты бірлесе әрекеттесу деп түсінеді.

- Ұстаз зерттелетін тақырыпқа шәкіртінің қызығушылығын тудырып, олармен бірге ізденеді, жұмыс жасайды, өзіндік білім құрастырады. Мұғалім берілген сұрақтарға дайын жауап беруге ұмтылмай, оларға шәкірттердің жауап беруіне онтайлы жағдай жасайды.

- Ұстаз қандай да болмасын ақпаратты игеру ісі оңай болсын деп, оны бөлшектеп береді, шәкірттерінің ақпарат туралы ойлары мен түсініктерін анықтап отырады.

- Мұғалім шәкірттерінің жұмысын ресми түрде бағаламайды: журналға баға қоймайды, ұрысрайды, жекімейді, ешкімге шағымданбайды. Ол оқушыларының жұмыстарын жариялау арқылы (қабырғаға іліп қою, сынып ішінде оқу, қабырға газет іне басу, жинақ ретінде шығару, т.б.) оларды талқылау және өзгерту, түзету мүмкіншіліктерін береді.

«Шеберхананың» дамыту кеңістігі кең әрі ауқымды болуы керек, деп есептейді бірлестік идеяларын ұстанатын педагогтар. Мұнда тұлғаның дамуы үшін қажетті өмірлік ситуациялар орын алады, олар оқушылардың бірлесе отырып, өздігімен білім құрастыруына («білім ашуға») мүмкіншілік береді. Ұстаз мұнда «білім көзі» емес, ол - білімге апаратын жолды нұсқаушы, осы жолмен өзі де жүріп келеді. Ол тек қажет кезде ғана шәкірттеріне жәрдемдеседі: сұрақ қояды, тапсырма береді, ақпарат ұсынады.

10 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 52, 53, 63, 72

Семинарлық (практикалық) сабактар

1 тақырып. Зангерлік пәндерді оқытудың құқықтық және ұйымдастыруышылық негіздері

Семинар I сабат

Жоспар:

1. Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясат: ұғымы және принциптері.
2. Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі.
3. Оқу процесінің нормативтік-құқықтық базасы. Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары және мемлекеттік білім беру стандарттары.

1 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 23, 24, 27, 38, 45, 58, 93-99

2 тақырып. Педагогикалық жүйе ретінде зангерлік пәндерді оқыту

Семинар I сабат

Жоспар:

1. Педагогикалық жүйе: оқыту мақсаты, оқыту мазмұны, оқыту технологиясы, ұйымдастыру түрлері, педагогикалық процесс субъектілері.
2. Зангерлік білім берудің ұйымдастырудың методологиялық және әдістемелік мәселелері.

Практикалық сабак I сағат

Жоспар::

1. Практикалық сабакта топ үш топтаға бөлінеді. Әр топтар «ведомстволық жоғарғы оқу орны тұлғегінің моделін» үш мамандық бойынша өндейді:

- тергеу-кримналистикалық;
- жедел-іздестіру;
- әкімшілк-құқықтық.

Әр топтар өндөлген «тулек моделін» ойын түрінде көрсетеді.

2 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 37, 55, 93-99

3 тақырып. Болондық процесс. Оқытудың кредиттік технологиясының ерекшелігі

Семинар I сағат

Жоспар:

1. Болондық процесс: ерекшеліктері, артықшылықтары мен кемшіліктері.
2. Қазақстан Республикасы НМ ведомстволық оқу орындарындағы болондық процестің іске асрылу ерекшелігі.

3 тақырыпқа әдебиет: 1-21, 27, 29, 37, 55, 68, 93-99

4 тақырып. Дәріс сабағын дайындау және өткізу әдістемесі

Семинар I сағат

Жоспар:

- 1. Дәріс, сабак нысаны ретінде, артықшылықтары мен кемшіліктері.
- 2. Дәріс түрлері, оларды дайындау және өткізу әдістемесі.

Практикалық сабак I сағат

Жоспар:

Магистранттар практикалық сабакта дәріс сабағын бағалау өлшемін өндейді. Оқытушымен дәріс сабағын бағалаудың (өлшемі) келесідей сызбада ұсынылады:

- дәрі сабағының сұрақтары бойынша уақыт есептеу;
- дәріс баяндалуының теориялық деңгейі;
- тақырыптың ашылуы;
- дәстүрлі педагогиканың әдістемелік тәсілдері мен оқытудың белесенді әдістерінің орынды үйлесуі;
- материалды білу, оны жеткізе білу деңгейі;
- аудиториямен кері байланыс;
- техникалық құралдарды қолдану;
- педагогикалық такт;
- сөйлеу мәнері;
- дәріс сабағының тәрбиелік жағы.

Магистранттар ұсынылған сызба негізінде өз критерилерін өндейді.

Практикалық сабак - I сағат

Жоспар:

